

Әзірет Сұлтан Қожа Ахмет Иасауи




А 2015
2229 к

КӨҢІЛДІҢ

айнасы

(МИР' АТ а.л-ҚУЛУБ)



ӘЗІРЕТ СҰЛТАН ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ

**КӨҢІЛДІҢ АЙНАСЫ
(МИР'АТ әл-ҚУЛУБ)**

Алматы
2015

ӘОЖ 28
КБЖ 86.38
И 12

Иасауи сөздерін жинаған:
Суфи Мұхаммед Данышменд Зарнуки
Ескі түрік тілінен аударған және баспаға дайындаған:
Кенжетай Досай Тұрсынбайұлы

И 12 ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ ӘЗІРЕТ СҰЛТАН
Көңілдің айнасы (Мир'ат әл-Қулуб). – Алматы: «Қазақ
энциклопедиясы» баспасы, 2015. – 112 бет.

ISBN 978-601-7472-78-8

Ислам ғұламасы, әулие Қожа Ахмет Иасауи – Әзірет Сұлтанның сопылық көзқарастарының «Мир'ат әл-Қулуб» (Көңілдің айнасы) жинағын орта ғасырларда ғұламаның шәкірттері жазып қалдырған.

Шариғат, тариқат және хақиқат деген үш бөлімнен тұратын еңбек Қожа Ахмет Иасауи ілімі – адамның рухани жетілуі мен таза адамдық қасиеттерге жетелейтін ерекшеліктерге ие, ислам мәдениеті аясында өмірге келген сопылық дүниетанымның қайнар көздерінің бірі. Көкірек көзі ашылған, Жаратушыға дос болып, кемелдік дәрежесіне шыққан адамның атқарар ісі мен міндеттері айқындалған еңбек өз оқырмандарын үлкен қуанышқа бөлері анық.

ӘОЖ 28
КБЖ 86.38

ISBN 978-601-7472-78-8

© «Қазақ энциклопедиясы» баспасы, 2015



АЛҒЫ СӨЗ

«Мир'ат әл-Кулубтың» осы нұсқасының алғаш хатқа түсірілуі немесе жинақталуы хижралық есеп бойынша 8-ші ғасырда қолға алынғандығы туралы деректер бар. Яғни, бұл рисала біздің жыл санағымыз бойынша 14-ші ғасырда жазылған. Бұл нұсқа Швецияның Упсала қаласындағы университет кітапханасының ескі жазбалар қорының №472 жинағында шағатай тілінде жазылып, 58 б - 177 а беттер арасында орналасқан. 534 парақтық бұл жинақ 1249/1833 жылы көшіріліп (истинсах етілген) қайта жазылған.

Рисаланы жинақтаған Суфи Мұхаммед Данышменд Зарнуқи болатын. Ол Насаб Намалардағы¹ мәліметтерге қарағанда Ахмет Иасауидың алдыңғы қатарлы шәкірттерінің бірі. Шайхымен бірге қырық рет қылуатке түсіп, Иасауидың ижазатымен Отырарға барып өз алдына софра (текке) құрып, сол жерде қырық жыл ұстаздық (иршад) еткен. Оның қабірі Алим Шайхтың² айтуына қарағанда Отырар қаласында жатыр. Ол туралы Убайдуллах Ахрар (Хазрати-Ишан): «Суфи Данышменд үлкен ғалым, дініне берік, иманы қуатты-муттақи еді» дейді. «Жауаһир әл-Абрарда» Хазини Суфи Мұхаммед Зарнуқиды Ахмет Иасауидың бірінші халифасы (орынбасары) ретінде көрсетеді³.

«Мир'ат әл-Кулубтың» жазылу мақсаты – Қожа Ахмет Иасауидың сопылық көзқарастарын жинау болып табылады. Дегенмен еңбекте Нажмеддин Кубра мен Софы Мұхаммед Данышмендтің де көзқарастары мен ойлары орын алған. Софы Мұхаммед Данышменд Ахмет

¹ Mevlana Safiyuddin, Neseb-Name Tercümesi, Haz: Kemal Eraslan, İst-1996, ss 50-51.

² Alim Şeyh, Lemehat Min nefahati'l kuds, (nşr. M. Nezir Ranche), İslamabad-Lahor-1986 ss.38-40, 48-123. Bu Necdet Tosun'un makalesinden naklen alınmıştır.

³ Hazini, Cevahirul Ebrar Min Emvacil Bihar, İstanbul Ün. Ktp., TY, nr.3898, vr-1b-164a.





Иасауидың айтқандарын, ойлары мен пікірлерін ауызша өз шәкіртеріне аманат етіп қалдырған. Кейіннен оның шәкірттері тарапынан жиналып, кітап халіне келген болуы ықтимал. Өйткені, бұл тасаууф тарихында, сопылық мәдениетінде жиі кездесіп отыратын жағдай.

Хазинидың «Жауһир әл-Абрар мин Амуаж әл-Биһар» (Теңіз толқындарындағы ізгіліктің жауһарлары) деген еңбегінде: Қожа Ахмет Иасауи Түркістан мен Шамның, яғни арабтар мен түркілердің шайхы, бүкіл жахри тариқаттардың кутб әл-ақтабы, түркілердің Сұлтаны, Хз. Пайғамбардан (с.а.с.) кейінгі екінші Ахмет, арабтардың құтбы, парсы(ажем)лардың пірі, түркілердің шайхы, Батыс пен Шығыста мәжһүр шах Ахмет Иасауи» сияқты Иасауиды ұлылау мен ардақтауға толы мәлімет пен түркілік сопылық дәстүрге тән бүкіл элементтер бар. «Мир'ат әл-Қулубта» да Иасауи туралы «арифтердің сұлтаны, жер жүзінің кутб әл-ақтабы» дейді. Сонымен қатар Иасауи тариқатының силсиласы жөнінде «ұлы силсила» деген сипаттық мағынадағы тіркестер де бар. Бұған халық, арасында кеңінен таралған «Мәдинада Мұхаммед, Түркістанда Қожа Ахмет» тіркесін қоссаңыз, Қожа Ахмет Иасауидің түркілік рухани мәдениетіндегі, дүниетанымдағы алатын орны мен маңызы айтпаса да түсінікті болады. Бұны айтудағы мақсат, жалпы адамзатқа рахмет ретінде жіберілген Хз. Мұхаммед (с.а.с.) Пайғамбардың, түркілік әлеміндегі рухани ізбасары ретінде танылған Түркістанның пірі Ахмет Иасауидың шығармашылығы жөнінде зерттеу жүргізіп жүрген иасауитанушыларды осы мәселеде кездесетін проблемалардың исламдық мәдениет аясында пайда болған ғылыми әдістемелік ұстанымдарға өте ұқсас екендігіне назарын аудару еді. Басқаша айтқанда бұл жерде бір нәрсенің басын ашып алу керек. Ислам мәдениеті аясында өмірге келген, хадис ғылымының қалыптасу үдерісіндегі тарихи әлеуметтік, қажеттілік феномені мен Иасауи шығармашылығы мен мұрасын хатқа түсіруде де қалыптық және мазмұндық сабақтастық айқын. Бұл сабақтастықты түркілік сопылық дүниетанымның ұстанымдары мен негізгі теориялық қағидаларынан оңай көруге болады. Сондықтан иасауитанушы-зерттеушілердің алдында тұрған негізгі міндет менің ойымша, алдымен түркілік сопылық дүниетанымның негізгі теориялық және практикалық негіздерін анықтап алу керек. Бұны анық-





тауда сүйенетін ең алғашқы әдістемелік негіздің біріншісі – дәстүрлі түркілік сопылықтың құрушы-өкілдері – мутасууфтардың өмірі мен өскен ортасын анықтау; екіншісі олардың мұраларын жинау, танып білу; үшіншісі бұлардың құрған мектептері мен тарикаттарының әдісі мен адабтарын, бұлардың сол дәуірдегі қоғамдық-әлеуметтік қызметі мен маңызын ашу. Міне, осы тұрғыдан қарағанда «Мир’ат әл-Қулуб» рисаласы ең құнды мұралардың бірі .

Еңбек шариғат, тарикат және хақиқат сияқты үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде исламдық және сопылық ахлақ, екінші бөлімде тарикат әдебі (этикасы) хақында айтылса, ал үшінші бөлімде мағрифатуллах⁴ жайынан сөз қозғалады.

Негізінен алғанда Иасауи ілімі-адамның рухани жетілуі мен таза адамдық еркіндікке жетелейтін өзіндік ерекшеліктерге ие, исламдық мәдениеттің аясында өмірге келген сопылық дүниетанымдық мәндегі ілім болып табылады. Бұл ілімнің мақсаты – рух тазалығы. «Мир’ат әл-Қулубта» да «көңіл көзін ашу» басты мәселе ретінде қаралады. Ондағы толып жатқан сопылық дүниетанымдық санаттар – Иасауидің сопылық философиясын тұжырымдаудың негізгі элементтері. Сопылықта тарикаттың негізгі ұстанымдары мен қағидаларының басты шарттары шайхтық, муридтік табиғаттың теориялық анықтамалары өте құнды талдауларға негізделген. Сопылық әдебиеттерге кеңінен таралған «нұр-и мұхамадия», «умм әл-аруах» санаттары Иасауи сопылық философиясының, онтологиялық теориялық негізін көрсетеді. Адам рухының жоғарғы сапалық тазалық санаты – «қалб-и салимнің» дәрежелік өсу сатылары-«дариялар» өте анық, түсінікті айшықталған. Көңілдің (рухтың) тазалыққа, кемелдікке жетудегі ең негізгі шарттары мен қағидалары әдістемелік-теориялық деңгейде түсіндірілген. Адамның құдайлық ақиқатқа жетудегі мәртебелік жүйелер де сопылық санаттармен қарапайым тілдік ерекшеліктермен берілген.

⁴ Мағрифатуллах – арабша, Алланы тану деген сөз. Алланың болмысы және танымын білдіретін сөз тіркесі. Адам Алланың сипаттарын, көркем есімдерін (Алланың 99 есімі) ойлауы, еске алуы міндетті. Оның ұлылығын, өзінің шарасыз және дүниеде өткінші өмір сүретін болмыс екендігін саналы түрде ұғыну – құлдың мәніне ұласу – әрбір муминнің уазипасы, парызы. Мағрифатуллах – Нақ (Аллаһ) хақында ішкі (көңіл) тәжірибе арқылы немесе ешбір құралдың көмегінсіз танымға ұласу дегенді білдіреді.





Бұл еңбектегі «йақин» жүйеленуі жағынан басқа сопылық мәдениеттерде кездесе бермейтін сыныптау екендігін көруге болады. Өйткені басқа классикалық сопылық әдебиеттерде йақиннің үш түрі ғана кең тараған. Ал Иасауи дүниетанымдағы йақин санатының жеті түрі бар.

Қожа Ахмет Иасауи бабамыз бұл еңбегінде шайх мақамына лайық болмаса да шайхпын деп өзеурегендерді қатал сынға алады.

«Мир'ат әл-Кулубта», Иасауиа мәдениетінің алғашқы кезеңіне тән болуы, сонымен бірге әрі Садр Ата Рисаласы сияқты сол кезеңдегі Қожа Ахмет Иасауидың кейбір еңбектеріне тоқталып, мәліметке толы шолу жасауы тұрғысынан өте маңызды еңбек болып табылады.

Бұл еңбекті әлі күнге дейін ешкім пайдалана алмай келді. Фуад Көпрүлү «Түрік әдебиетінде алғашқы мутасаууфтар⁵» атты еңбегін жазарда «Мир'ат әл-Кулубтан» бейхабар болатын. Кейіннен Ислам энциклопедиясы үшін жазған Ахмет Иасауи мақаласының библиографиясында «Le Monde Oriental (XXII, 1-3, Uppsala 1928)» журналына сілтеме жасай отырып, «Мир'ат әл-Кулуб» деген еңбектің бар екендігін айтып өткен. Бұдан кейінгі жылдарда иасауитану саласында зерттеу жүргізгендер ішінде бұл еңбектен пайдаланғандарға кездеспедік. Бұған себеп иасауитану саласының алғашқы қарқынын жоғалтуы десек қателеспейміз. Түркияда да, Орта Азияда да «дін және ұлттық мәдениетке қарсы жүргізілген саясат» бұл мәселеге деген қызығушылыққа салқынын тигізгені белгілі жай. Кейіннен Кеңес Одағының ыдырауы нәтижесінде Орталық Азияда бірнеше түркі тектес тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы, тіл, дін, мәдениет сияқты, ұлттық-рухани құндылықтарға деген талаптын жаңбырдан соң қаулап шыққан көктей көбейе түсуі иасауитанушылардың да қатарын молайта түсті. Солардың ішінде алғаш болып иасауитану саласында еңбек етіп жүрген қазақ ғалымы Мұхаммедрахым Жармұхаммедұлы Қожа Ахмет Иасауи бабамыздың «Мир'ат әл-Кулуб» еңбегін «Рисала»⁶ атында танытқан болатын. Бірақ, әлі

⁵ Fuad Köprülü., Türk Fdebiyatında İlk Mutasavvıflar. (7. baskı), D.İ.B. Yay., Ankara-1991.

⁶ Muhammed Rahım Carnuhammedulı: «Hoca Ahmet Yesevi'nin Hayatı Hakkında Yeni Deliller ve Onun Bilinmeyen «Risale» Adlı Eserinin İlmî Değeri», Ahilik Yolu, 97(mart 1994) 24-26; 98(nisan-1994) 28-29.





күнге дейін бұл еңбек түпнұсқасынан қазақ тіліне аударылып баспадан жарық көрген емес.

Мұхаммедрахым Жармұхаммедұлының осы мақаласында «Мир'ат әл-Кулубтың» мазмұнына қысқаша сипаттама жасалған. «Насабнаме» және «Рисала» атты еңбектің Қазақстан Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде (3990-47 және 1622-386) тіркеулі екендігі, ескіше жазылған бұл қолжазбаның тілі шағатайша және көлемі сексен сегіз бет, жүз жиырма бес уарақ (жапырақ-парақ) екендігі, рисаланың басында не соңында қай жылы көшірілгендігі немесе жазылғандығы, кімнің көшіргені туралы мәліметтің жоқ екендігін сипаттай келе, рисаланың тақырыптық ерекшелігіне де біршама тоқталып өтеді.

Мұхаммедрахым Жармұхаммедұлының бұл сипаттамасы мен бірге мақалада тікелей «Мир'ат әл-Кулубтан» алынған үзінділер де бар. «Мир'ат әл-Кулубтың» осы Қазақстан нұсқасында «Фақр-намадағы» мәліметтер мен тақырыптардың орын алғанын көріп отырмыз. Өйткені, мақаладағы сілтемелер «Диуани Хикметтің» Ташкент және кейбір Қазан нұсқаларында орын алған «Фақр-нама» рисаласында⁷ да бар.

Анкарадағы Ахмет Иасауи университетінің Өкілетті кеңесі Қазақстан Ұлттық кітапханасындағы осы еңбектің нұсқасының көшірмесін алып, ғылыми талдаулардан өткізіп, жеке кітап ретінде барша түркі жұртының игілігіне жарату мақсатында Қазақстан Ұлттық кітапхана басшылығына қатынас-хат жолдаған болатын. «Мир'ат әл-Кулубтың» Алматы нұсқасы қолымызға тиіп, Құдай қаласа, ғылыми көпшілік қауымның, қоғамымыз бен ұлтымыздың игілігіне ұсынылады деген ниетіміз бар.

Қожа Ахмет Иасауи бабамыздың «Мир'ат әл-Кулуб» атты еңбегінің Швеция-Упсала нұсқасы Ыстанбұл Ислам ғылыми зерттеу орталығы тасаууф бөлімінің ғылыми қызметкері Неждет Тосын тарапынан аты аталған орталықтың «Ғылыми зерттеу журналында»⁸ жарияланған болатын.

⁷ Қараңыз: Хикмет-и Назрат-и Султани-л арифин Хуажа Ахмад, б. Ибраһим б. Махмуд б. Ифтиһар-и Иасауи, Ташкент-1312(1897), бет 2-15; Диуан-и Никмат, Фаусу-л-уасилин- султану-л арифин Хуажа Ахмад-и Иасауи Хикматлары, Қазан 1901, бет,121-129.

⁸ İLAM Araştırma Dergisi c. II. sy. 2 (Temmuz-Aralık 1997).





Осы нұсқаның, қазақстандық иасауитану ғылымы саласына таныла берсін деген мақсатпен қазақ тіліне аударуды жөн көріп отырмыз. Өйткені, «Мир'ат әл-Кулуб» рисаласының иасауи дүниетанымын зерттеуде, оның мұрасы мен мирасын толықтыруда маңызы үлкен. Осы орайда мүмкіндігінше мәтінге берік болуға тырыстық. Мәтіндегі сопылық санаттар мен терминдерді түсіндіруде кеңінен танымал болған тасаууф (суфизм) сөздіктерін қолдандық.

ӘЗІРЕТ СҰЛТАН ҚОЖА АХМЕТ ИАСАУИ
(МИР'АТ ӘЛ-ҚУЛУБ)
КӨҢІЛДІҢ АЙНАСЫ

Бұл теберік рисаланы⁹ жинақ хәліне келтірген шарифаттың бурханы¹⁰ (дәлелі), тарикат тобының өкілі-Мәулана Суфи Данышменд екендігін біліп жүр және хабарың болсын! Арифтердің¹¹ сұлтаны, тақуалардың (уара¹² вара) жол сілтеушісі, жер жүзінің қутб әл-ақтабы¹³

⁹ **Рисала** – арабша, трактат, миссия, үндеу, хат, зерттеу, баяндама деген мағыналарды білдіреді.

¹⁰ **Шарифаттың бурханы** – шарифат және бурхан; арабша *бурхан* – абсолюттік, толық аргумент, дәлел дегенді білдіреді. Құранда Хз. Пайғамбардан (с.а.с.) тартысқандар иман туралы сенімін (дінін) дәлелдеу үшін, күмәндарын сейілту үшін, ашық, анық күдік туғызбастан толық дәлел (бурхан) талап еткендігі туралы айтылады. Міне, шарифаттың бурханы деген шарифатты түсіндіру, ұғындыру жолында өзі де, сөзі де дәлел бола білгендерге берілетін атақ десе де болады.

¹¹ **Арифтердің сұлтаны** – арабша ариф, білуші, танушы деген мағыналарға келеді. Алланы ақиқат жолымен білген адам. Ариф пен алим білуші мағынасына келсе де, алим (ғалым) ілімге зерттеу, оқу арқылы жетеді, ариф болса, ілімге набит, хал, ішкі тәжірибе арқылы жетеді. Арифтарға әулие, қутб, Хақты танушы да дейді. Арифтердің сұлтаны, әулиелердің әулиесі дегенді білдіреді.

¹² **Уара** – арабша, (Алладан қорқу) тақуа дегенді білдіреді. Алладан қорқу, күмәннен қашу, мүбаһ, мақрух істерде мұқият болу деген сөз. Уараның сыртқы (закир) және ішкі (батин) уара түрлері бар. 1 – Захир уара – тән ағзаларының шарифатқа сай әрекет етеді. 2 – Батин уара – көңілге (жүрекке) Алладан басқасын жақындатпай аулақ тұту.

¹³ **Қутб әл-ақтаб** – арабша Қутб – шығыр, диірмен тасының шығыры – тірегі – қутб. Диірменнің тасы шығырдың айналасында дөңгеленетіндігі сияқты, бұл табиғат деген әлем (ғарыш) де әулиелердің (қутубтардың) айналасында (басқарылуы жөнінен) дөңгеленеді. Бұл тұрғыдан алғанда қутуб – рухани дәрежесі үлкен, әулиелерге – әлемнің рухы ретінде қарайды. Алла аманатты, жаратылған болмыстардың ішінде тек қана адамға берген болатын, яғни бүкіл дүниесі оның басқаруына тапсырған болатын! **Қутб әл-ақтаб** – ең үлкен қутуб немесе қутубтардың қутубы, халыққа жол сілтейтін, тура жолға салатын әулие мағынасына келеді. **Қутбу әл-ақтаб** әулиелердің әулиесі-дәрежесі жағынан Хз. Пайғамбардың пайғамбарлығының мазмұндық мақамына сай



Қожа Ахмет Иасауидің (Алла рақым етсін!) айтқандарын бұл азиз Суфи Мұхаммед Данышменд¹⁴ бізге жеткізген (болатын).

Бір күні таң сәриде және ақшам уақыттарында, мүмкін күнделікті үздіксіз жалғасар «мустақим»¹⁵ зікір жиылысының бірінде Әзірет Сұлтанға (Ахмет Иасауиге) барша сопылар жиналып: «...шайхтық пен мүридтік жайында және осы ұлы силсиланың¹⁶ сулуқы¹⁷ (әдісі) мен тариқаты бойынша мәлімет берсеңіз өзіңізден кейінгі (тариқатшы)–шәкірттеріңізге (жәдігер) мирас болып қалар еді» – деп ұсыныс жасаулары осы рисаланың хатқа түсуіне себеп болды. Кейіннен бұл рисала «Мир’ат әл-Қулуб», яғни «Көңілдердің айнасы» деген атпен белгілі болды. Әркім айнаға қараса өз жүзін көрер, ал егер ол ғайып¹⁸ айнасы болса оны да көреді. Егер біреу осы

келеді. Бұл мақам да Пайғамбардың жолын қуушыларға, кәміл ізбасарларына ғана бұйырылады.

¹⁴ Қараңыз: Суфи Мұхаммед Данышменд туралы қолда бар деректерді «алғы сөзде» келтірген болатынбыз.


¹⁵ **Мустақим** – арабша, тура, түзу (жол) дегенді білдіреді.

¹⁶ **Силсила** – арабша, шынжыр дегенді білдіреді. а) Кең мағынада сопылық әдебиетте халықтың (жаратылғандар адамның) Құдайлық нұрға, дидарына ұмтылысын білдіреді.

ә) Тариқат шайхтарының рухани ұстаздарының шынжыры. Мысалы, иасауия тариқатының құрушысы Қожа Ахмет Иасауидің силсиласы Али Мұртаза, Мұхаммед Канафия, Абдул Фаттах, Абдул Жаббар, Абдул Қаһһар, Абдурраһман, Ысқак Бай, Харун Шайх, Мумин Шайх, Муса Шайх, Исмайл Шайх, Хасан Шайх, Омар Шайх, Осман Шайх, Мұхаммед Шайх, Ифти һар Шайх, Махмуд Шайх, Илияс Шайх, Ибраһим Шайх, Ахмет Қожа (Иасауи), бұл Иасауи силсиласының бір нұсқасы, Насабнамеде әртүрлі нұсқалар бар. Силсиладағы шайхтарға «силсила рижалы» да дейді. Алладан муридке (саликке) рухани нұр-шабыт, аян келеді. Құдайлық нұр, 1) Тікелей (еш құралсыз) Алладан; 2) силсила (шайхтары) көсемдері арқылы адамға келеді. Силсила өте маңызды. Силсиласын білмеген салик, тегін білмейтін тексіз сияқты. Силсила жайлы жазылған еңбектер «силсиланаме» дейді. Силсиладағы шайхтың, өзінің алдындағы шайхты тікелей немесе физикалық тұрғыдан тәлім-тәрбие алуы өзінен кейінгі шайхты да тікелей тәрбиелеп өсіруі шарт емес. Силсиладағы шайхтар тізбегі тікелей немесе рухани тәлім тәрбие эстафетасы сияқты.

¹⁷ **Сулук** – арабша жолға түсу, жол жүру дегенді білдіреді. Бір шайхқа қол беріп белгілі әдістермен Аллаға қарай бет алу, яғни кәмілдікке (кәміл адам) ұмтылудағы іштей рухани жолшылыққа сулук дейді. Сулуктың нәтижесінде адам (құл) Алла махаббатына ұласады.

¹⁸ **Ғайып айнасы** – (мир’ат әл-ғайб) арабша *ғайып* – көрінбейтін, жамылғылы, құпиялы деген мағыналарға келеді. Сезім мүшелері мен ақыл арқылы білінбейтін



кітапты оқыса, оқи отырып өз айыбын көре білсе, кемшіліктерінің байыбына барып, тәубаға¹⁹ келіп, истиғфармен²⁰ менмендігін (надандықты) жоятын болса, Алла Тағала оның күнәсы мен айыбын кешіреді деп үміттенуге болады. Егер әрбір салик²¹ бұл рисаланы оқыса немесе оқығандарға құлақ асып, естігендерін әрекетінде-амалында қолдана білсе, «көңіл көзі» ашылып, он сегіз мың әлемнің ғажайыптары мен ғарайыптарын²² мушахада²³ қылып, қияметте

(танылмайтын) болмыстар әлемі, яғни рухани элем. Ғайып – Хақтың өзінен емес адамнан құпия ұстайтын әлемі, сыры. Айна (мират) «кәміл инсанның» жүрегі (көңілі). Алланың заты, сипаты, көркем аттары, істерінің көрініс табатын, шағылысатын жері – адам болғандықтан жалпы адамға, оның ішінде де «кәміл адамға» айна – мират дейді. Ғайып айнасы – кәміл адам (инсани кәміл). Сопылар материя, өсімдік, жан-жануарлар, адамдарға – Хақтың өз атын-сипатын көрсететін кәмілдейтін, шағылыстыратын айнасы деп қарайды. Хақтың аты, ісі сияқты ен, толық, таза көрінетін жері инсани кәміл (кемел адамның) қалб, жүрегі.

¹⁹ **Тәуба** – арабша, өкініш, оралу, қайту мағыналарға келеді. Тәубе көңілдегі жамандықтардың түйінін шешіп, Хаққа оралу, хақ жолына түсуді, жалғандық пен күнәларына өкініп Хаққа сыйыну, күпірліктен иманға келу, жаман істерден игілікке, жаман мінезден дұрыс ахлаққа, Алладан басқаның бәрін тастап, тек Аллаға ұмтылу дегенді білдіреді. Сопылық кемелдік жолында жетпіс мақам бар. Осы мақамдардың басы тәубе, соңы құлдық (құлшылық) мақамы болып саналады. Қазақта тәубеге кел, тобаңа кел дегендегі мағына игілікке шақыруды білдіреді. Сондықтан да Ф. Аттар «тарикат – адамгершілікті қалыптастыратын мектеп» деген болатын.

²⁰ **Истиғфар** – қателік және күнәларынан арылу мақсатында Алладан кешірім өтіну, жалбарыну; құлдың өзінің рухани істерін кем көріп, бұларды арттыруға тырысуы, күнәларын көп біліп, оларды азайтуға тырысуын *истиғфар* дейді.

²¹ **Салик** – арабша, жолшы дегенді білдіреді. Сопылықта Хаққа ұласу, мақсатына жету үшін (тасауаф жолына), рухани кәмілдікке жету үшін сопылық жолға түскен адамға салик дейді.

²² **Ғарайып-ғариб** – Отанынан жырақта қалған, ешкімі жоқ бейшара мағыналары бар. Сопылар Отанын тастап ел-елді кезіп жүретіндіктен оларды ғариб дейді. Сопылар адамның негізгі отаны рух әлемі – адам дүниеге уақытша, қонақ ретінде келген. Ол бұл дүниеде ғариб, рух болса өзінің негізгі отанын «рух әлемін» сағынумен, аңсаумен болады, оған қауышуды армандайды. Сонымен қатар өзін өзгелерге түсіндіре алмаған адам, надандар арасындағы ғалым, зиялы пасықтар мен бұзықтар арасындағы оқыған әулиелер ғарип саналады. Өте жоғары дәрежедегі, рухани халдегі арифтер бұл дүниеде де, о дүниеде де ғариб болады. Өйткені, оның халін ұғынар ешкім жоқ. Арифтің өз сыры, халімен бірге жалғыз қалуы ғариптік. Ұлы Абайдың «Моласындай бақсының жалғыз қалдым тап шыным» деуі осы «ғариптік» халге келеді.

²³ **Мушахада** – көру, куә болу, перденің ашылуы, тамашалау, қызықтау дегенді біл-



Алла Тағаламен кездесуге иландық және бекіттік²⁴ деген соң, оның дидарын көрудің ешқандай таңқаларлық жағдайы жоқ. Тек Одан (Алла Тағаладан) жәрдем тілейміз.

Мухаббат²⁵, сүз²⁶ және шаук²⁷ деп бұл «Мир'ат әл-Кулуб» рисаласын үш бөлімге бөлді. Осы мағынада Алла Тағала «құлдарым маған жақындасын (мені танысын)» деп, дін және Ислам жолын сыйлады. Бұл жолға үш ат берді. Әуелі шариғат, екіншісі тариқат, ал үшіншісі хақиқат делінді. Сондықтан да бұл рисала үш бөлімнен тұрады. Алла Тағала Құранда: «(Ибраһим пайғамбар былай деді:) Мен Жаратушыма кетіп барамын, Ол маған тура жолды көрсетеді»²⁸ деп баян етті. Ибраһим (ғалайхис-салам) пайғамбар: «(Еш) Күмәнсіз, Ұлы Жаратушым, мені түзу жолға (көндірді) салды» деді. Бұл жол – Ислам жолы. Бірақ, Алла Тағаланың жолы – мына дәлел бойынша үш жолдан тұрады. Бұл жолдар: «Ислам діні²⁹ – Аллаға барар жол... Басы – шариғат, соңы – хақиқат, ал осы екеуінің арасында тариқат (бар)».

діреді. Сопылықта Хақтың көңілде орын алуы. Жүнейд Бағдади мушахадаға «жолшының өзін жоғалтып, Хақты табуы» деп анықтама берген. Нақшилер рухани әлемде көңілдері мен фәни әлемдегі жоғары рух халдеріне де мушахада дейді. Сопылық философиядағы ең маңызды «уахдати шуһуд» өз анықтамасын да осы ілімге негіздеген. Саликтің барлығы Хақ (тәңірі), тәңірінің тажаллисы (көрініс) ретінде көруі, Хақтан басқасын көре алмау халі. Бұл халде салик фана халінде болады, өзін көре алмағандықтан да, мәжһүр масур Холлаж сияқты «Ана әл-Хақ» (Мен анықпын) дейтін дәрежеге жетеді.

²⁴ **Аманна уа саддақа** – «Иман келтірдік және дәлелмен бекіттік» мағынасында.

²⁵ **Мухаббат** – (махаббат) Тәңірінің адамды, құлын, (құлдың) да Тәңірісін сүюі. Алланың құлын, құлдың Алланы дос білуі. Әлемнің жаратылыс себебі де сүюге, махаббатқа тіреледі. Жүнейд былай дейді: «Махаббат – сүйген адамның өз сипаттарын сүйіктісінің сипаттарымен ауыстыруы» дейді.

²⁶ **Сүз** – қор, жалын от мағынасына келеді.

²⁷ **Шаук** – арабша, сағыныш дегенді білдіреді. Көңілдің сүйіктісімен кездесуге деген құштарлығы, сағынышы. Аллаға қауышу сағынышы. Көңілдің (жүректің) сүйіктінің аты аталғанда соғып, алып ұшуын шаук дейді. Көңілдегі шаук, шамның пілтесіне, ашықтық та оттағы майға ұқсайды. Аллаға сағыныш, құштар жанның оған жақын болатындығы, оған жақын болғанның да қуанышқа кенеліп, оған қауышатындығы жайлы сөз бар.

²⁸ Саффат, 37/99.

²⁹ **Дін** – сөзінің жол мағынасы да бар.





Тағы да шайх Нажмуддин Кубра³⁰ (Алла оған рахмет етсін!) да: «Әрбір істе шарифат, тариқат және хақиқат бар. Сопылықта да бұлар (ал-ирада – мүридтік жол) бар. Шарифатта ілім мен іс, тариқатта көңілдердің ашылуы және хал, ал хақиқатта Хақ Тағаланың дидарын³¹ мушахада ету сонымен қатар жаратушымен «жүздесу» бар» – дейді.

Хз. Пайғамбардың (с.а.с.) да: «Шарифат – айтқан сөздерім, тариқат – істеген амалдарым болса, хақиқат та халім» – деген хадисі бар. Султан әл-арифин³² (Даналардың данасы – Ахмет Иасауи) да: «Шарифат сырт ағзалармен амал ету болса, тариқат «қалб – жүреппен», яғни көңілмен амал ету деген сөз, ал, хақиқат дегеніңіз – сыр³³ (жүректің түбіндегі субстанция, көңіл) мен амал ету болып табылады» – дейді.


³⁰ Нажмуддин Кубра х.618/м. 1221 жылы қайтыс болған. Кубрауия тариқатынын құрушысы саналады.


³¹ **Дидар** – парсыша, көру, тамашалау, жүз, көз, сияқты мағыналарға келеді. Сопылық терминдік мағынасы құдайлық кереметті, сұлулықты тамашалау, сүйікті (Хақ) дегенге саяды.

³² **Султан әл-арифин – Ахмет Иасауи** – арабша, күш, дәме, патша, сияқты мағыналарды білдіреді. Сопылықта Әулиелерге султан, шах атақтарын беру әдет болған. Мысалы, Султан Халел (нақыш), Султан Ахмет (Иасауи). Сұлтан атағы көбінесе Түркі әулиелері үшін қолданылатын болған. Әулиелер – көңіл әлемінің сұлтандары – шынайы сұлтандар деп саналады.

³³ **Ас-сирр** – арабша, сыр, құпия, жасырын деген мағыналарды білдіреді. Сопылықта а) Хақтан басқаны білмейтін; ә) Хақпен құл арасындағы; б) сырдың сырына да құпия; в) рух сияқты адамның тәніне орналастырылған нәзік нәрсе; сыр рухтың рухы, әулиелерден басқасы сезіне алмайтын жағдаяттар, сопылық сезім-танымдар. Сыр көңілде жатқан нәзік перде. Сыр болмаса жан ешнәрсеге қабілетсіз болады. Тариқат сырын басқаларға ашуға болмайды. Өйткені басқа біреу сопылық терминологияға бойлай алмағандықтан, қате түсінікте болуы ықтимал.







മുഹമ്മദുൽ ഹുസൈൻ
മുഹമ്മദുൽ ഹുസൈൻ

ШАРИҒАТ ЖАЙЫНДА

Қожа Ахмет Иасауи – Султан әл-арифин (Әулиелердің сұлтаны) былай дейді: «Жол бастаушы тұлғалар мен көсемдерді үш топқа бөлуге болады. Шариғат көсемдері – ғұламалар мен қағандар (падишахтар); тариқат көсемдері – шайхтар (пірлер) мен сопылар; хақиқат көсемдері – арифтер мен әрқашан Хақтың жанынан табылатын шайхтар.

Егер (ең алдымен) ғұламалар мен қағандар шариғаттың «амр бил-мағруф нахиу ан-ил мункар (шариғаттың адамзаттың (қоғамның) игілігі үшін рұхсат еткен және тыйым салған бұйрықтары)» ұстанымдарына бағынса және өзгелердің де осы жолдан адаспауларына жарлық беретін болса (онда олар) ешқашан тура жолдан азбайды. Олардың сонынан ерген (қауымы), бұйрықтарды орындаушылар да (көсемдерінің көрсеткен) шариғат бағытынан азбайды. Егер осы шарт орындалмаса, (олар) шариғат жолынан азады.

Шайхтар мен сопылар риязат³⁴ тартып, мужахада³⁵ шегіп, «көңіл

³⁴ **Риязат** – арабша, тәрбиелеу, арылту, мойындату дегенді білдіреді. Суфилер аз жеу, аз ұйықтау, аз сөйлеу мен жалғыздыққа, әрдайым пікір мен терең ойлауға үйренген жанның (құрылатынына) арылатынына сенеді. Нәпсісін тәрбиелеу үшін өзін қиын да ауыр істерге зорлайды. Азап шегу, шілдехана орындау, жолға шығу, қылуатке түсу риязат түрлерінен есептеледі. Хужуири «нәпсі-ит» оның құлаған анының адал болуы үшін тәрбиеленуі шарт дейді. Риязат салик жанының қалуына қарсы нәпсі мен күресуі деген сөз. Риязат арқылы салик нәпсінің құлдығынан құтылып, жаман әдеттерден сақтанып өзін-өзі тәртіпке сала алады.

³⁵ **Мужахада** – арабша күресу, соғысу мағыналары бар. Сопылықта ең ұлы (жихад) соғыс нәпсіге қарсы күрес болып табылады. Мужахаданың мақсаты – тақуа болу үшін жүргізіледі. Бұл күрес шариғаттың (бұйрықтарына) заңдарын орындап, көңілді-жүректі таза ұстау үшін, нәпсіні тәрбиелеуге негізделген. Бұған уара (тақуа) да делінеді, екінші тура жолда (әділет жолында) жүру үшін жүргізіледі, үшінші суфи – әулие болу үшін жүргізіледі.





әлемін ашып»³⁶ «жетпіс мақамнан»³⁷ өтіп, ғайып³⁸ (әлемі) – әруақтармен, періштелермен сұхбат ететін болса, ондай шайхтар мен сопылар тариқат жолынан азбайды. Мұндай ұлыларға ергендер де (тариқаттан) жолынан азбайды. Егер осы шарт орындалмаса, (өздері) тариқат жолынан азады, сонымен қатар соңынан ергендерді де аздырады.

Хаққа жақын болған құлдар-шайхтар мен әулиелер (даналар) де шынайы «ма сиуа Аллах»-тан³⁹ бас тартып, сырлардан (бұл жерде, сыр-көңіл, рух, қалб) сырларға ұласып, мұраттарына⁴⁰ жетіп хақиқаттың жолынан азбайды. Егер осы шарт орындалмаса, хақиқат жолынан азып, мұрат-мақсаттарына жете алмайды. (Дұрысын) Алла біледі».

³⁶ **Көңіл әлемі** – көңіл (парсыша) діл, ождан, құдайлық әсердің нысаны. Сопылық танымның (марифаттың) қайнағы қашф (ашу) шабыт, аяның нысаны. Көңіл айна құдайлық есім, сипаттардың ең ашық, кемел дәрежеде көрініс табатын жер. Көңіл көзі немесе әлемі – адамның ғайып (метафизика), құдайлық әлемге тән ерекшеліктерді көру қабілеті, көңіл әлемі (басирет) ашылса, құдайлық сырды ұғынып кемелдікке ұласады. Сондықтан көңілді таза ұстау көңіл әлемінің ашуды менгеру сопы әулиелердің негізгі мақсаты.

³⁷ **Жетпіс мақам** – негізінен алғанда көптік мағына береді. Сопылық әдебиеттерде, сөздіктерде жетпіс мақамды тізіп көрсеткен деректерге кездесе алмадық. Ахмет Иасауи тариқатында: тариқатта – он, шарифатта – он, мағрифатта – он, хақиқатта – он мақамның бар екендігі белгілі. Мақамның біріншісі тәубе, соңы да құлдық (пақырлық) мақамы екендігін көрсеткен қайнақтар бар. Бұлар мақамның сапалық санаты тұрғысынан орынды тұжырым, ал мақамның соңы белгісіз, әрбір салық (құл) Аллаға ұласу жолында әртүрлі мақамдарға ұласуы мүмкін. Сондықтан жетпіс мақам көптік білдіреді дейміз, өйткені Түрік сопылық мәдениетінде де жетпіс, жетпіс екі сандары көптік мағынасында қолданылады.

³⁸ **Ғайып әлемі** – Алланың әлемі – көк. Он сегіз мың ғаламның бірі де ғайып әлемі. Ол Аллаға ғана білінетін, адамға беймәлім қалатын әлем немесе малакут әлемі. Ғайып әлемінің мәнін Алладан басқалар білмес, сондықтан оның мәні, өзі сақтаулы, ақыл, көңіл көзінен де жасырын болады.

³⁹ **Ма сиуа Аллах** – Тәңірден басқа барлық нәрсе. Сопылықта, көңілде Тәңірден басқасы болмау керек. Көңіл – адамдағы Тәңірдің үйі. Сондықтан көңілді Тәңірден басқасынан қорғау керек, Тәңірден басқасы «масиуа» – дүние, мал, ақша, нәп-сінін, құлқынның қалауы дегенді білдіреді.

⁴⁰ **Мұрат-мақсат** – арабша, тілек, сүйікті мағынасында қолданылады. Сопылықта әрбір мурид бір жағынан алып қарағанда мұрат болып табылады. Өйткені Тәңірі оның мурид болуын қаламаса, ол мурид бола алмайтын еді. Бұл жерде Хақтың мұраты мурид, муридтің мұратыда Хақ болып тұр. Сопылардың пікірінше, мурид – бастауыш дәрежеде, мұрат болса – рақат бақыт ішінде деп есептеледі. Яғни, Хаққа ұласқан деген мағынаны білдіреді.





Яғни, Суфи Мұхаммед Данышменд бұған мынандай мысал келтіреді: Хижаз аймағының патшасы Қытай патшасына елші жіберсе, іштерінен бірі жол бастаса, ол да тура жолды білмей шықса, елші де жолынан адасады. Егер ол жол бастаушы жолынан адаспаса, оған ергендер де адаспас еді. (Сол сияқты) Дәруіш немесе сопылар да тура жолды білетін жол бастаушыға ұқсайды. Ал, оған ергендер де жолға шыққан елшіге ұқсайды.

Суфи Мұхаммед Данышменд былай дейді: қандай шайх болмасын жетпіс мақамнан өтпей тұрып шайхтық немесе көсемдікке ұмтылып, таласса, (жалған шайх) бұрыс жолда деген сөз. Мүмкін ол, жетпіс мақамнан өткен шынайы шайхтардың дұшпаны... «Ей, азғын (жалған шайх), саған ергендер де азады, фасид⁴¹ болады». Оларға (жалған шайхтарға) ерген мүридтері мен серіктерінің барлық күнәлары сол жалған шайхтардың мойнына жүктеледі.

Шайх Нажмеддин (Алланың рахметі жаусын!) былай дейді: «Кейбір адамдар шарифат жолындамын, ал басқалары да хақиқат жолындамын деп жар салады. «Шарифат жолындамын» деп жүргендерге мүмин және мұсылман дейді. «Тарифат жолындамын» деп жүргендерге шайх⁴² суфи⁴³ және захид⁴⁴ дейді. Ал, «хақиқат жолындамын»

⁴¹ **Фасид** – арабша, бұзылған, жарамсыз, бұзақы, діни терминологияда – ахлақсыз дегенді білдіреді.

⁴² **Шайх** – қарт, шал, пір, басшы, көсем мағыналары бар. Сопылықта нәпсінен арылған, Хақта бақи болған әулие, Хақтың досы. Тәліптерге жол көрсетуші, оларды тәрбиелеуші инсани камил, мурид. Шайх өзі кемел адам, сондықтан өзгелерді кемелдікке баулиды. Шайх сопылық дүнитанымды, жолды айналасындағыларға үйрететін, әркімнің оның халіне көзінен және сөзінен өнеге алатын, білімімен нұр шашқан ісімен үлгі өнеге болатын муридтерін толық адам дәрежесіне жетуге көмектесетін нағыз зиялы кемел адам. Шайхтың ұстаздық кемелдігін оның өсіріп тәрбиелеген муридтің сапасына қарап анықтауға болады. Шайх муридтың тәні мен рухын қалыптастырушы, қоғамға толыққанды рухани, иманды адам жетілдіруші цехтың ұсталары сияқты. Мурид өз еркін шайхқа тапсыру арқылы, Аллада фана халіне ұласа алады.

⁴³ **Суфи** – арабша, жүн киген (жүннен жасалған киім киген) мағынасындағы сөз. Көңілі таза, ешкімнің иелігінде емес, өзі де ешнәрсеге ие емес (физикалық мағынада) нәпсінің құлдығынан құтылған, сырттай халықпен, іштей Хақпен бірге болатын, алдындағының сырын оқи білетін, (оқи білгенге, адам беті ашылмаған кітап сияқты), нәпсімен өліп Хақпен тірілген уақыттың құлы, Хаққа ұласқан адам.

⁴⁴ **Захид** – арабша, дүниеге мән бермейтін, одан қашып жүретін адам. Өзін ақыретке





деп жүргендерге де ариф, ғашық⁴⁵ және мухиб⁴⁶ дейді. Осы жолда жүргендер «рухани хал» иелері болуы керек. Егер (ол құлдың) рухани халі мен мақсаты рас болса, Ұлы, құдіретті Тәңірі оны өзіне дос⁴⁷ қылады. Егер руханияты рас болмай, мақсаты да жалған боп шықса (ондайлардан Құдай сақтасын!) – ондайлар Құдай тағаланың дұшпандары... Алла Тағала: «Ол күні (ақыретте), қазабтардың (жал-ғаншылардың) халіне қара...»⁴⁸. Хз. Пайғамбарымыз (с.а.с.) да «әл-Каззабу аду’ул-аллаһ» (Жалғаншы – Алланың дұшпаны) дейді. Бұл жолда жалғаншылықпен жүрме, дұрыстықпен жүр. Өйткені бұл жол руханиятты талап етеді. Руханият (мағнауиат) өзіңізге керек. Дегенмен, Құдай қаласа, әр нәрсенің мағнауиаты өз орнымен айқындалады.

Хз. Пайғамбар (с.а.с.) хадисінде былай дейді: «Шариғат – сөздерім, тариқат – істерім, ал хақиқат – хәлдерім», яғни шариғат менің сөйлеген сөздерім, тариқат істеген істерім. (Бұл жерде) Хз. Пайғамбарымыз, шариғат – сөйлеген сөздерім деумен шектелсе, тариқатқа келгенде тек сөйлегендерім деумен шектелген жоқ, (оған қоса) істеген істерім деді. Мұның мәнісі мынада: Хз. Пайғамбарымыз (с.а.с.) миғраж түні⁴⁹ Алла Тағаламен «тікелей» тоқсан мың

Хаққа тапсырған, жол-мүлікке, мақам, атакқа маңыз бермейтін адам. Дүниеқұмарлыққа көңілде орын бермеу деген сөз.

⁴⁵ **Ғашық** – арабша (ашқ), шектен шыққан махаббат, сүйіспеншілік дегенді білдіреді. Ашқ – махаббаттың ең соңғы мәртебесі. Махаббат – адамға өз үкімін жүргізеді. Ашқ болмыстың және жаратылыстың негізгі себебі. Ашқтың бірнеше түрі бар. 1. Шынайы (хақиқи) ашқ, құдайлық ашық, оның да екі түрі бар: а) Алланың құлын сүюі, ә) құлдың да Алланы сүюі, 2. Астарлы ашық (межази) адамның адамды сүюі.

⁴⁶ **Мухиб** – арабша, сүюші ғашық деген мағынада. Сопылықты және сол жолдағыларды сүюді айтады.

⁴⁷ **Дос** – **аулиа ул-ллаһ** – жар – сүйікті жолдас, махаббат, сүйіспеншілік мағынасына келеді. Құлдың Алланы сүюінен бұрын, Алланың өз құлын сүюін білдіреді. Сопылықта құдайлық махаббатқа да дос дейді. Бір жолдағы, бір бағыттағы адамдарға сопылар дос дейді. Дегенмен шынайы дос – Алла.

⁴⁸ Мурсалат, 77/15.

⁴⁹ **Миғраж** – арабша, Хз. Пайғамбардың Ражап айының 27-ші жұлдызында Алламен жүздесуі – бұл оқиға болған түнді – миғраж түні дейді. Миғраж – арабша саты, баспалдақ дегенді білдіретін сөз. Сопылықта Баязид Бистамиден бастап сопылар да миғраж көргендерін айтатын болған. Жалпы, миғраж рухтың жоғарлауы мен рухани жолшылық ретінде қолданылады. Рухтың Аллаға қарай көтерілуін миғраж





тақырыпта сөйлесті. Оның отыз мыңы шарифат бойынша, отыз мыңы да тариқат және қалған отыз мыңы да хақиқатпен байланысты болатын. (Алла Тағаладан) Бұйрық келді: «Отыз мың шарифат сөзін бүкіл мумин, кәпір мен фасықтарға⁵⁰ (яғни, бүкіл адамзатқа) айтып түсіндір, тариқат сөздерін (тек қана) еріктілер мен қалағандарға айтып түсіндір, ал, хақиқат сөздерін (ешкімге) ешқашан айтушы болма!».

Қожа Ахмет Иасауи – Султан әл-арифин (Әулиелердің сұлтаны) былай дейді: «Шарифат дене, яғни сыртқы мүшелерімізбен амал ету» деген сөз. Би'л-аркан (сыртқы дене мүшелері) терминінің мәні фарз⁵¹, уажип⁵² сүннет⁵³ және адабтардың⁵⁴ барлығын қамтиды. Бірақ, шарифат жолындамын дегендер мүмін, мұсылман атанды. Бұл жолдағыларға руханият керек. Руханият дегеніміз – Хақ Тағаланың құлдарына берген бұйрығы бойынша екі түрлі болады: «Амри би'л ма'руф және нахий ани'л мункар»⁵⁵ (Құрандағы бұйырылған игі істер – фарз және тыйым салынған жаман істер-харам). «Сіз адамдардың игілігі үшін (туған) жаратылған, (қоғамды) «жақсылыққа шақырып, жамандықтан қайтарған» ең қайырлы үммет болып табыласыз»⁵⁶. Бұл мүмін, мұсылман атанғандар бүкіл «амри'л-би'л ма'руфты» орындап, «нахий ани'л мункардан» ұзақ тұратын болса,

дейді. Миғражда «түсу-көтерілу» ұғымы да бар. Хз. Адам жер жүзіне түсірілді, Хз. Мұхаммед көкке көтерілген. Барлық муминдер, намаз кезінде (ғибадат кезінде) рухани және мағынауи миғраждан үлес алады. Өйткені құлдың Аллаға ең жақын кезі сәждеге барған кезі болып есептеледі.

⁵⁰ **Фасық** – арабша, шегіну, иілу дегенді білдіреді. Ислам діни терминологияда бір нәрсенің дінге қайшы екендігін біле тұра оған керісінше амал істейтін адам, практик атеист.

⁵¹ **Фарз** – арабша, діни терминде міндет, парыз – діннің, намаздың, шарифаттың да парыздары.

⁵² **Уәжіп** – арабша, қажетті, міндетті, керекті дегенді білдіреді. Дін термин, намаздың уәжіптері.

⁵³ **Сүннет** – арабша, дәстүр, тәжірибе, әдет мағынасында. Хз. Пайғамбардың хадистерін, істері мен сөздерін білдіретін термин.

⁵⁴ **Адаб** – арабша әдеп, этика.

⁵⁵ **Амрил би-л-мағруф нахий ан-ил-мункар** – жақсылыққа шақыру, жамандықтан сақтандыру (тыю).

⁵⁶ Ал-и Имран, 3/110





шариғат жолындамын дегендері дұрыс, тура және сонымен қатар мүмін, мұсылмандықтары да рас болғаны... Хақ Тағаланың шынайы құлдары болғаны... Алла да оларды: «Алла иман келтіргендердің досы. Оларды қараңғылықтан (түзу жолға) нұрлы жолға салады»⁵⁷. Егер «амри'л-би'л ма'руфты» орындамай, «нахий ани'л мункардан» ұзақ тұрмайтын болса, мүмінмін, мұсылманмын, шариғат жолындамын деушілік бекер болғаны және өзі (екі жүзді) жалғаншы – өтірікші. Амри'л-би'л ма'руф (Игілікке шақырушы) – шариғатқа сай болған істерді өзі қабылдап, орындап қана қоймай, оны басқаларға да айтып түсіндіру, қабылдату деген сөз. Нахий ани'л мункар – тыйым салынған, шариғатқа сай келмейтін істер – күпірлік, нифак⁵⁸ шек келтіру, ширк⁵⁹ өзімшілдік, риякерлік, зұлымдық, арамтамақтық – арам жолдармен күн көру (парақорлық), өтірік-жалған сөйлеу, өсек-ғайбат⁶⁰, зинақорлық, арақ ішу, «бенк жеу», яғни есірткі қолдану және мүміндерге хақсыз қиянат ету, азарлау – бұларға түгел тыйым салынған.

«Сіздің біріңіз, жамандық іс көре қалсаңыз, оны қолыңызбен түзелтіңіз, тоқтатыңыз, егер күшіңіз жетпесе, тілімен, яғни оған қарсы шығып, наразылық білдірсін, оған да күші жетпесе жүрегімен қарсы шықсын (яғни, көре тұра ешқандай әрекет ете алмағаны үшін жүрегі сыздасын мағынасында), бұл иманның ең әлсіз түрі болып табылады».

Бір адам тыйым салынған, (шариғатқа теріс) жамандық іс істеп жатса, оған наразылық білдіру керек. Егер мүмін жамандықты көре тұра қарсы шықпай, ешқандай наразылық білдірмесе, жамандықты жасаушылардың күнәсіне ортақ болады. Бұл туралы Хз. Пайғамбарымыз да былай дейді: «Күпірлікке ризашылық көрсеткен – кәпір, күнәға көзін жұмған – күнәһар».

Шайх Хасан Басри⁶¹ (Алланың рахметі жаусын) былай дейді:

⁵⁷ Бақара, 2/257.

⁵⁸ **Нифак** – екі жүзділік (мунафик).

⁵⁹ **Ширк** – пұтқа табынушылық, Алладан басқа тәңірінің барлығына сену.

⁶⁰ **Ғайбат** – өсек, балағат, жамандау.

⁶¹ **Хасан Басри** (642-728 б.ж.с. бойынша) өмір сүрген. Көптеген исламдық ілімдердің тууына тікелей қатысы бар. Сопылар оны тасаууфтың көсемі – ең алғашқы суфи ретінде таниды.





«Қызырды көңілден шығарған сәт – шарифат та бітті дей бер». Хуласа кітабында: «Көңілінде зәредей де болса менмендік сезімі бар адам жәннатқа кіре алмайды» деген сөз бар. Бұған қосымша «ахл ил-мағрифатта»⁶² былай дейді: «Менмен, көкірек – өзін басқалардан артық санайтын адам». Міне, менмендік қылған, көкірек, өзін басқалардан артық санайтын адамдар жәннатқа кіре алмайды. Хз. Пайғамбар (с.а.с.) да былай дейді: «Сараң мүмін болса да жәннатқа кіре алмас, жауанмәрт⁶³ (жомарт) кәпір де болса тозаққа кірмес».

Шайх Жұнайди Бағдади⁶⁴ (Алланың рахметі жаусын) ғұламалар жайлы: «Бүкіл ғұламалардың (хәлі) «қауіп пен үміт»⁶⁵ арасында жүргендей» дейді.

⁶² **Ахл-ил-мағрифат** – мағрифат – таным, эмпирикалық таным, тану дегенді білдіреді. Сопылардың рухани халдерді басынан өткізу арқылы, рухани және құдайлық ақиқаттарда татып, ішкі тәжірибе (эзотерикалық тәжірибе) арқылы таным. Осы жол арқылы жеткен Алла туралы қолы жеткен білімге мағрифат дейді. Бұл білімге қолы жеткендерді ариф дейді. Қушайри, салик (жолшы) алдымен Хақты, оның сипатын, есімдерімен істерін таниды, кейіннен құлшылық және риязат жасау, нәпсісін арылтуы арқылы Хаққа жақын болады. Сонда ғана Хак оған өзін «танытады», осы танымға, білімге ие болғандарды ахл-ил-мағрифат дейді. Әбу Бәкір мағрифат, саликтің (жолшының) Алла жайында таным, білім иесі болудан ұзақ екендігін ұғынуы дейді. Яғни, жолдың ең шыңына жеткендер, өзінің кім екендігін «құлдық мақамға жеткен соң түсініп» Алланың құзырында абсолюттік, адамдық дәрежеге көзі жетеді.

⁶³ **Жауанмәрт** – парсыша, жомарт, ер, дархан, жас. Сопылықта – кемел адам, ариф – жастық, жігіттік, мәрттік, адамгершілік, өзін емес өзгені ойлау, қоғамның айығуын ойлау, қоғамы үшін жанпидалық көрсету дегенді білдіреді.

⁶⁴ **Жұнайди Бағдади** – Бағдатта туған, х. 279/ м.908 қайтыс болған. Атақты шайхтардың бірі. Негізгі аты – Мұхаммед Абу-л Қасым ал-Жаззас.

⁶⁵ **Қауіп пен үміт** – (хауф уа рижә) қауіп, қорқу. Сопылықта Алланың азабынан, тамұқтан қорқу. Кейбірі жәһәннәм азабынан, кейбірі Алланың азабынан, кейбірі Алланың өзінен қорқады. Бұл жердегі қорқыныш – Алланың затынан қорқу деген – ғашықтың сүйіктісін ренжітіп алмауынан қорқу сияқты. Ариф пен әулиелердің қорқынышы осындай қорқыныш. Адам мен халық (қарапайым халық) тозаққа кіруді, жаннатқа кіре алмаймыз ба деп қорқады. Қауіп – Алланың халықты құлшылыққа, жақсы игілікті істерге шақыру үшін қолданылатын «қамшысы» сияқты. Қауіптің басқа бір анықтамасы, харам мен күнәдән (оны істеуден) өкінуді білдіреді. Сопылық термин қауіптің қарама-қарсы теріс мағынасы үміт (рижә) – Алладан үміт үзбеуді білдіреді. Адамның Алланың сыйына құрметіне кездесуіне үміт етуі. Жаннаттан үміт етуіне рижә (үміт) дейді. Көңілдің ұнататын нәресесін күту мен үміт етуіне, қуаныш, сүйінішке қауышуына үміт дейді.






Егер Алла Тағаладан пәрмен келсе, бүкіл құлдарым тамұқтық, яғни тозақтық болып, ішінен тек біреуі ғана жұмақтық десе, сол жұмақтық мен болайын деп үміт ету керек. Егер барлық құлдарым жұмақтық, тек біреуі ғана тозақтық десе, сол тозақтық мен болып қалмайын деп қорқып, қауіп ету керек. Яғни, қауіп пен үміт арасында болу керек.

Суфи Мұхаммед Данышменд, (шариғат туралы сөзінің соңын) Қожа Ахмет Иасауи-Султан әл-арифиннің мына сөзімен аяқтайды: «Кімде кім шариғатты білмей тұрып тариқатқа қадам басса, жаңылыс жол тандағаны, егер менмендікті жойып, жоқтыққа, яғни фанаға⁶⁶ ұласып, барлық нәрсені тәрк етіп, содан кейін тариқатқа кірсе дұрыс болады. Хз. Пайғамбарымыз (с.а.с.) да «Муту қабла ан тамуту»⁶⁷ – Өлмей тұрып (физикалық мағынада) өліңіз (нәпсіні тізгіндеу) деген болатын. Дұрысы да осы».

⁶⁶ **Фана** – арабша, жоқ болу, еру деген мағыналарға келеді. Заттардың соны кезінен жойылуына фана дейді. Қарама-қарсы мағынасы сопылық терминде басқа (мәңгілік) деген сөз. Осы терминді буддизмдегі Нирванамен шатастыратындар көп. Формасы ұқсас болғанмен мазмұны бөтен. Нирванада жоқтық – фана мәніне ұқсайтыны рас, бірақ Ислам сопылық дүниетанымында құл (адам) жоқ болмайды, жоқтықтың орнына Алланың сипаттарын алады. Мұның мәні мынада, құл – адам ретінде бойындағы сипаттары мен мінездерін тастап, жоқтық хәліне ұласып, құдайлық сипаттарды алу арқылы кемелдік хәліне ұласады. Буддизмдегі сияқты жоқтыққа кету, жоқтық дегенге қарама-қарсы толық, кемел – Алланың қасиеттерімен сипатталып жоғарылау, рухани өсу бар.

⁶⁷ **Муту қабла-ан-тамута** – (өлместен бұрын өлу) физикалық өлімнен бұрын нәпсіден арылу, жеңу дегенді білдіретін сөз тіркесі. Көңілде Алладан басқа барлық қалау, талаптарды жою, өлтіру деген сөз. Осылайша өз еркімен бойындағы құмарлықты өлтіргендер руханият әлемінде жана бір өмірге қадам басады. Аб-и Хайят (өлімсіздік суы) мәңгілік өмір дегеніңіз осы.





لِللّٰهِ كُنُوزٌ كَثِيْرَةٌ

لَا تُحِصُّهَا الْعَيْنُ وَلَا تُحِصُّهَا الْعِلْمُ



ТАРИҚАТ ЖАЙЫНДА

Алла Тағала бұйырды: «Сонан соң Хз. Ибраһимнің дінімен⁶⁸ тура жолға түсуің үшін аян бердік»⁶⁹.

«Ол күні, (яғни қиямет күні) малынның да, балаларыңның да пайдасы тимес. Тек қана, Аллаға саф-таза көңілмен (қалб и салим⁷⁰) келгендер ғана болмаса»⁷¹.

Хз. Қожа Ахмет Иасауи былай деді: «Алла тағала Хз. Мұхаммед (с.а.с.) Пайғамбарға бұйырды: «Хз. Ибраһимнің (пайғамбардың) дінімен жүр» тағы да бұйырды: «Сіз де оның дінімен жүріңіз».

Хз. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) бүкіл әлемнің жол бастаушысы еді. «Біз сені, (бүкіл) әлемге тек қана рахмет (қылып) ретінде жібердік»⁷².

«Хз. Ибраһимнің (пайғамбардың) дінімен жүр» – деген аятта қандай сыр (хикмет) бар? Жауап та: ең дұрысын Алла біледі, хикметі де Ибраһим (а.с.) «атаңыз» деп айтуында (болуы мүмкін). Ұлы атасының жолымен жүреді⁷³. Тағы да Ибраһим (а.с.) пайғамбарды атаңыз дегенде қандай сыр бар? Жауапта: Хз. Ибраһим (а.с.) пайғамбардан бұрын тариқат берілген жоқты. Алғаш рет Хз. Ибраһимге тариқат берілгендіктен «атаңыз» делінді.

(Бұрынғылардың айтуынша) Хабарда былай дейді: «умму'л аруах⁷⁴ – Мұхаммед (с.а.с.) Пайғамбардың рухы» ал, «умму'л жасад⁷⁵

⁶⁸ Суфилер тариқаттың Хз. Ибраһимнен басталғанына сенеді.

⁶⁹ Нахл, 16/123

⁷⁰ Қалби салим – таза ождан, саф көңіл, түзу ниет – кемел саналылық, толық адам.

⁷¹ Шуара, 26/88-89.

⁷² Анбия, 21/107.

⁷³ Ата, Баба, Шайхтардың өсиеттеріне, жолына берік болу – тариқаттардың негізгі ұстанымы болып табылады.

⁷⁴ Умму-л аруах – аруақтардың (анасы) рухтың негізі Хз. Мұхаммед Пайғамбар.

⁷⁵ Уммул жасад – тән негізі (анасы). Тән, болмыс – рухты қорғайтын, рухқа мүмкіндік



Хз. Адам (а.с.) пайғамбардың тәні». Яғни, тән атасы Хз. Адам (а.с.) пайғамбардың тәні. Ең дұрысын Алла біледі. Ал, Хз. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) Пайғамбардың рухынан бұрын ешқандай жан (рух) жаратылған жоқ. Сонымен Хз. Адам (а.с.) пайғамбардың айнынан (затынан) бұрын тән жаратылған жоқ.

Міне, сондықтан да Хз. Мұхаммед (с.а.с.) Пайғамбардың рухы – рухтардың атасы... Міне, сондықтан да Хз. Адам (а.с.) пайғамбардың тәні – тәндердің атасы...

Алла Тағала, (Құранда) былай деді: «Ол күні (яғни қиямет күні) малыңның да, балаларыңның да пайдасы тимес. Тек қана, Аллаға саф-таза көңілмен (қалб и салим) келгендер ғана болмаса»⁷⁶.

Яғни, қиямет күні мал, мүлік, ұл-қызыңнан пайда жоқ. Тек қана, Аллаға саф-таза көңілмен қалб и салиммен ұласса, сол қалб – көңіл ғана пайда береді. Қалби салим мәселесі бойынша муфассир-шайхтар арасында пікір таластар бар.

Бірақ, осы мәселе бойынша Қожа Ахмет Иасауидың айтқан шешімін Суфи Мұхаммед Данышменд (Алланың рахметі жаусын) былайша баяндайды: «Адам (талиб, мүрид, т.б.) «қалби салим» болмай тұрып, тариқатқа кіруі дұрыс емес. Ал, адамның «қалби салим» болу үшін де төрт дариядан асып өтуі керек. Бірінші – дүние дариясы⁷⁷, екінші – халқ дариясы⁷⁸, үшінші – шайтан дариясы⁷⁹,

беретін негіз, іргетас. Рухтардың кейбірі от, нұрлы тәндерде болады. Рух мінуші, тән көлік. Тәнің негізі (анасы) Хз. Адам пайғамбар.

⁷⁶ Шуара, 26/88-89.

⁷⁷ **Дүние дариясы** – бұл жерде дария – теңіз абсолют, кемел адам, болмыс дегенді білдіреді. Дүние – арабша жақын, ең төмен мағынасында және жер ғаламшарына берілген ат. Құлды Алладан ұзақтататын барлық нәрсе өткінші, жалған, жер ғафетке түсіретін, мал-мүлік, пайда, атақ, мақам, т.с.с.

⁷⁸ **Халқ дариясы** – халқ жарату, материалдық дүние; мүлік әлемі, көрініс әлемі, мақұлық – жаратылған, адамдар, қоғам дегенді білдіреді.

⁷⁹ **Шайтан дариясы** – шайтан Алланың қасынан қуылған, рахметінен мақұм болған болмыс. Қуылу себебі де Адамға сәжде (бас имеуі) етпеуі болатын. Әрекетімен қарсы келуші, Алланың әмір бұйрықтарына қарсы келумен танылған адам ешбір кешірім сұрамайтын мақұлық. Нәпсіге сырттан келетін уасуасының қайнағы мен себебі осы шайтан, жындар қауымынан.





төртіншісі – нәпсі дариясы⁸⁰. Бұл дариялар үшін кеме керек. Кемесіз өте алмайсың.

Бірінші дүние дариясының кемесі – зухд⁸¹, азығы – қанағат, білімі – топырақ сипат болып, жұрт көзіне қор көріну, ленгері⁸² қуаты – сабыр.

Екінші халқ дариясының кемесі – үмітсіздік пен қати'ат (жалғыздық), ленгері – фирақ⁸³ (айрылысу), отырысы – халует⁸⁴ (хилует те делінеді).

Үшінші шайтан дариясының кемесі – зікір, азығы – тасбих⁸⁵, ленгері – хауф (қауіп) пен ража (үміт), отырысы – мухаббат (махаббат).

⁸⁰ **Нәпсі дариясы** – нәпсі-менмендік, жаман рух, өте төменгі дәрежедегі сезімдер. Сопылықта құлдың жаман қасиеттер, жаман ниет сезімдер мен мінездерінің қайнағы. Сондықтан оны сезу, тәрбиелеу керек. Ол үшін риязат керек.

⁸¹ **Зухд** – арабша, харам мен күдікті нәрселерден нәпсіні қорғау. Сопылықта зухд ақыреттің бақыты үшін фани дүниенің рахатын тәрк етуді білдіреді.

⁸² **Ленгер** – парсыша, сөздік мағынасында темір соғу, бекіту, дүкен-ұстахана мағынасындағы сөз. Сопылықта текке, дергахтарда дәруіштерге тамақ беретін жер. *Ленгер – дәруіш* рухының қалыптасу ұстаханасы. Ғимаратхана, мазар, керуен сарай.

⁸³ **Фирақ** – арабша сөздік мағынасы айырылу, алыстау дегенді білдіреді. Сопылықта уахдат (бірлік) мақамынан алыстау деген сөз. Фирақ деп унсал (туыстық) халінде болмауды, яғни Салиқтың (сопының) асыл отаны болған ғайып немесе рухтар әлемінен айырылып, фани дүниеге келуін айтады. Унсал халі – бұл дүниеден әлемге оралуды, қауышуды айтады.

⁸⁴ **Халует** – арабша, (қазақтарда қылует) сөздік мағынасы жалғыз қалу, қуыс бір таса жерге тығылу дегенді білдіреді. Сопылықта мурид санасының концентрациясын белгілі мақсатқа бағыттау және кейбір арнайы зікірлер арқылы риязаттарды орындау үшін шайхтың муридін қараңғы, сыртқы әлемнен жырақтау орындарға, яғни жерден қазылған мекенге қамап, белгілі уақыт ішінде тәрбиелеуі. Қалбты (жүректі) бұрыс сенімдерден, жаман әдеттерден арылтуды, құтқаруды халует дейді. Атақты суфи Кашани, муридтің бүкіл болмысын Аллаға арнап, Алладан басқа барлық нәрседен қол үзуді халует дейді. Яғни, халует – рухани жалғыздық қоғамнан «жырақ» жекедара өмір сүру, тәнімен «халық» арасында, жаны – рухымен Хакпен бірге болуды да халует дейді.

⁸⁵ **Тасбих** – арабша, 1) (Алланың) Хактың киелі, пәк, оның бүкіл нұқсандықтардан таза екендігін тілге келтіру; 2) осы мақсатта «субһаналлаһ» зікірін айту; 3) тарикаттағалардың белгілі сандық мөлшерде «субһаналлаһ» зікірін қайталауы; тасбих: заттардың Алланы зікір етуін және ұлылығын «есту» мақамы болып табылады.





Төртінші нәпсі дариясының кемесі – аштық пен сусау, азығы – ашқ (ғашықтық), ленгері – зауқ⁸⁶ (рухани ләззат), отырысы – шауқ.

Міне, осы жолдардан – дариялардан асқандар ғана «қалби салим» дәрежесіне қолы жетіп, тариқат жолына лайық бола алады⁸⁷. Бұл дариялардан аспай, жолдардан өтпей тұрып тариқатқа қадам басу (барып тұрған) надандық. Мұндайлардың соңынан ілескендер де ақымақ. Хз. Мұхаммед (с.а.с.) Пайғамбарымыздың айтқанындай: «әл-Ахмаку 'адуи» яғни, ақымақ менің – дұшпаным.

Расуллуллаһ⁸⁸ тағы да: «ат-Тариқату аф'али» яғни, тариқат менің істеген істерім, – деді. Яғни, тариқат (оның) істеген істері. Ешқашан түнде ұйықтамайтын еді. Зікір мен тасбихтан еш уақыт қол үзген емес. Тек қана түс кезінде «қайлуласын» (көз шырымын) алатын-ды. Хз. Пайғамбарымыз: «Ианаму 'айнайа уа ла йанаму қалби», яғни «көзім ұйқыда болса да «көңіл көзім» ояу болатын». Тағамды да аз жейтін-ді. Кейбір деректерде Хз. Пайғамбарымыздың (с.а.с.) жетпіс үш діндестері мен он екі батпан тағам жегені туралы айтылады.

Муғира бин Шуғба (Алланың рахметі жаусын!) былай дейді: «Пайғамбар бір күні түнде аяғы ісігенше намаз оқыды. Сенің өткен-кеткен бүкіл күнеларың (жарылқамап па еді) кешірілмеп пе еді, бұлай өзінді қинап, намаз оқуыңның себебі не?» – деп сұрағанда: «Шүкіршілігі мол құлы болайын дегенім емес пе?» деп жауап қайтарыпты.

Мұғира атты сахаба: «Пайғамбар әр түні таң атқанша аяғы ісігенше құлшылық ететін еді. Сахабалар: «Ей, Пайғамбар, сенің өткен-кеткен және келешектегі бүкіл күнеларың жарылқанып, кешірілген еді, неліктен өзінді қиындықтарға саласың?» – дегенде: «Ей, серіктерім, (сахабаларым) мен сияқты жетімді – Мұхаммедті Жарат-

⁸⁶ Зауқ – арабша, ләззат, дәм тату мағыналарына келеді. Рухани ләззат. Хакты хал арқылы мушахада студің бірінші дәрежесіне зауқ дейді. Бұл хал одан әрі жалғасатын болса оған шурб (ішу) шегіне жетіп тасыса оған рай (қану) дейді. Ішу, қану тату деген ұғымдар халге байланысты метафоралық теңеулер; сопы құдайлық ақиқаттарды тікелей тату арқылы, тәжірибе арқылы өмірінде басынан өткізгендіктен оларға зауықшылар дейді. Затты және оның мәнін зауқ ұғынады. Зауқ – деп сопылардың тажымдік жемісі, «қашфтың» нәтижесі ретінде көретін рухани ләззатты айтады.

⁸⁷ Тура осындай анықтама «Ламахат» кітабында, Суфи Данишмандтің Ахмет Иасаун аңыздарынан айтқан үзінділерінде де бар. Қараңыз: Алим Шайх, 74-75-беттер.

⁸⁸ Пайғамбар.



қан Ием «достым, хабибим»⁸⁹ деп атады. Сол үшін де шүкіршілігімің нышаны ретінде мойынсұнып, көп құлшылық етіп жатырмын» – деп жауап қайтарыпты.

Бұдан кейін Алла Тағала: «Ей, жамылғыға оранған! (Елшім – Расулым). Түнде тұрып намаз қыл! Түннің жартысын(да намаз қыл) намазбен өткіз немесе бұны біраз азайт»⁹⁰.

Яғни, ей, Мұхаммед! Сені зорлық, қиындық үшін жаратпадым. Түн ортасында тұрып (намаз қыл), құлшылық ет. Артық та болмасын кем де болмасын. Міне, осы бұйрықтан кейін Хз. Мұхаммед (с.а.с.) Пайғамбарымыз түннің үштен бірін құлшылықпен (намаз оқумен) өткеретін болды.

«...Және, сенімен бірге болғандардан бір тобы...»⁹¹. Яғни, (Хақ Тағала): егер ол топ сенімен бірге болса, саған ант беріп, сен сияқты амал қылатын болса, олар да сен сияқты түннің үштен бірін құлшылықпен ояу өткерсін, – деген соң, Хз. Пайғамбарымыз да (с.а.с.) осылай істеді және сахабаларына осылай құлшылық (намаз оқулары үшін) етулері үшін бұйрық берді. Сахабалары да осылай істеді. Міне, ей, Хақтың жамалына садық тәліп (мурид), талапкер – дос, Хазреттің (с.а.с.) амалдары мен істерінен баян еттік. Егер «жахд-жад»⁹² қылған үммет болсаң, жалғаншылардан болма! Өйткені «...жалғаншы (өтірікші) Алланың дұшпаны» – деді.

Мәулана Суфи Данышменд: «Қожа Ахмет Иасауи «тарикат – көңіл (қалб) мен амал қылу деген сөз, – дейді» – деп баян етеді. Яғни, тарикат – көңілмен амал ету сонымен бірге көңіл көзін ашу дегенді білдіреді. Осы мәселеде Хз. Пайғамбарымыз (с.а.с.) да: «Алла Тағаланың қараңғылық пен нұрдан жетпіс мың пердесі бар. Егер бұл перделер ашылса, назары түскен нәрсенің барлығы жанар еді» – дейді. Шындығында да, Тәңірінің жетпіс мың қараңғылық пен нұрдан пердесі бар. Егер бұлар ашылса, көзінің нұры түскен жерін

⁸⁹ Хабибим – арабша, сөздік мағынасы сүйіктім дегенді білдіреді.

⁹⁰ Муззаммил, 73/1-3.

⁹¹ Муззаммил, 73/20.

⁹² **Жахд-жад** – тырысу, ұмтылу қайтпай күресу дегенді білдіреді.



жағар еді. Бұған қосымша кубра⁹³ әлем (макро ғарыш) мен суғра⁹⁴ әлем (микро ғарыш) бар. Көзге көрінбейтін нәрселер макро ғарышқа тән. Бірақ, суфилердің (ахл-и тасаууф) дүниетанымы бойынша, адамның «көңіл әлемі» ашылса, тура микроғарыштағы сияқты, «он сегіз мың әлемді» анық-айқын көре алады. Ал көңіл көзін ашу үшін қатты риязат тарту керек.

Алла Тағала Құранда былай дейді: «Біздің жолымызға қызмет еткендерді (жиһад еткендерді) өз жолымызға саламыз»⁹⁵.

Алланың Елшісі де: «Өлмей тұрып өліңіз» дейді.

Шайх Хасан Басри (Алла одан разы болсын!): «Шайх Баязит Бистамиге⁹⁶ дейін барлық шайхтар алпыс күнде бір түйір ас ішіп, алпыс күнде көз іліп ұйықтамайтын еді. Тәңіріні зікір етіп, бір сәт болса да зікірден қол үзбейтін еді. Содан кейін «көңіл көздері» ашылатын еді».

Шайх Баязит Бистамиден (Алла одан разы болсын!) Қожа Ахмет Иасауиге дейінгі басқа шайхтар болса, қырық күнде бір ас ішіп, қырық күн ұйықтамады. Бір сәт ұйықтамай, зікірден қол үзген жоқ. Кейін «көңіл көздері» ашылды. Хаким Сүлеймен⁹⁷ (Алла одан разы болсын!) де қырық күн, Махмұт Қожа (Алла одан разы болсын!) болса жиырма тоғыз күн, ал Зеңгі Ата⁹⁸ (Алла одан разы болсын!) болса он тоғыз күн осылай істеді.

Шайх Нежмеддин Кубра (Алла одан разы болсын!): «Көңіл дүниясы ашылмай тұрып шайхтық құру, мурид алу дұрыс емес».

⁹³ Кубра-әлемі – үлкен әлем дегенді білдіреді. Сырт көріністе үлкен әлем – табиғат, кіші әлем – адам. Шын мәнінде табиғат (қайинат) адамда сақтулы. Адам сырттай кіші болғанмен, ақиқатында үлкен әлем болып табылады.

⁹⁴ Суғра-әлемі – арабша, кіші әлем мағынасында, кіші әлем – адам.

⁹⁵ Анкабут, 29/69.

⁹⁶ Баязит Бистами – (Тайфур бин Иса бин Адам бин Сарушан Абу Йазид Бистами) х.261/м.874 қайтыс болған. Уахдат-и Уужуд теориясының қалыптастырушысы ретінде танылады.

⁹⁷ Хаким Ата (Сүлеймен Бақырғани) – Иасауидың шәкірттерінің бірі. Иасауидың жөн сілтеуімен Хорезмде ұстаздық еткен, х.582/м.1186-7 жылы қайтыс болған, Аққорғанда жерленген (қазіргі Қызылорда обл., Жаңақорған ауд.).

⁹⁸ Зеңгі Ата – туып өскен жері Шаш (қазіргі Ташкент). Кәсібі сиыршы болған. Оған казактар сиыр атасы – Зеңгі Баба дейді. х.656/м.1258-9 жылы қайтыс болған.





Шайх Ахмет Иасауи осы мәселе бойынша былай дейді: «(Кім де кім) Жетпіс мақамнан кешпей тұрып шайхпын десе, кәпір болғаны». Бірақ, Садыр Ата Рисаласында (Шайх Ахмет Иасауи): «Егер (кім де кім) көңіл әлемі ашылмай тұрып, «ғауыс -ғиас»⁹⁹ және Қызыр мен Илиястан¹⁰⁰ бастап ғайып ерендер¹⁰¹ мен сұхбаты болмаса, олардан ижазат¹⁰² (бата алмай тұрып) алмастан «шайхпын» дейтін болса, (ол адам) қаззаб¹⁰³, мубтади¹⁰⁴ сонымен қатар шайтан» деген болатын. Егер кім де кім жоғарыда аты аталған ғайып ерендердің әруақтарынан (бата алып) ижазат алып, шайхтық мақамында муридтері және серіктерімен бірге қылуette отырса, ондай шайхтарға ғайып ерендер тариқаттан тәлім-тәрбие беріп, қолдап (медеткер) жүреді. Сонымен

⁹⁹ **Ғауыс-ғиас** – арабша, сиыну, паналау дегенді білдіреді. Құтып-Қуитбақа сиынғанда оған ғауыс дейді. Сопылар қысылтаяң, қиналғанда «медет бер, еу, Ғаус» «Медет бер, еу, Пірім» деп сиынып, құтбтың рухани шапағатына алынатын болған. Әулие-ліктің ең ұлы мәртебесіне Ғаус-Ғиас, Ғаустардың ұлығы дейді. Сопылықта Абдулқадир Жайланиге «ұлы ғаус» дейтін болған. Ғаус – Тәңірі емес, Исламды терен махаббатымен өзінде бейнелеген, кескіндеген әулие, Алланың досы. Ол өз үмбетіне дұғасымен көмегіне демеу болады. Әрбір қоғамда осындай қутбтар бар.

¹⁰⁰ **Қызыр-Илияс** – мәңгілік тіршілік суын (ab-i Hayat) Хз. Илияс екеуі тауып ішкендіктен екеуіне де қияметке дейін өлмейді деген сенім қалыптасқан. Қыдырдың қиналғанда демейтініне жәрдемге келетіндігіне иланатын болған. Сопылықта «Баст» халіне Қыдыр, «қабз» халіне Илияс дейді. Тәңірдің құтбына да «заманның Қыдыры» (Nizig-i Vakt) дейді. «Баст», «қабз» еркіндік және тұтқындық халдері, яғни ашылу және қысылу халдері. Сопылықта «үміт пен қорқыныш» халдерінен кейін келетін екі сопылық хал, қабз халінде мурид тұтқындағандай және санасы да сансырап ойына, көңіліне (жүрегіне) ешбір ишарат келмей, білгенінің бәрін ұмытады. «Баст» халінде көңілі жарқын, санасы еркін, ашық болады.

¹⁰¹ **Ғайып ерен** – көзге көрінбейтін, танылмайтын әулиелер. Үштер, жетілер, қырықтар, абдалдар сияқты кейбір әулиелер бар. Олар Ғариптер, қысқа уақыт ішінде ұзақ жолды жүріп өте алатын, көзге көрінбейтін әулиелер болып табылады.

¹⁰² **Ижазат** – бір шайхтың рұқсат қағазы, яғни қазіргі диплом мағынасына келеді. Шайхтың шәкіртіне кемелдік мақамға ұласып, алған рухани тәлім-тәрбие, таным шеңберінде білім беру жөніндегі рұқсатқа ижазат дейді.

¹⁰³ **Қаззаб-жалған** – өтірікші (екі жүзділіктің бір түрі).

¹⁰⁴ **Мубтади** – арабша, жаңа бастаушы, әлі бейхабар дегенді білдіреді. Сопылық терминдік мағынасында өзін Аллаға беру арқылы сопылық сулуқке (сопылық жол-рухани тазару) өзін арнаған деген мағынаға келеді. Бұл адамның уазипасы – тариқат әдебі болып табылады. Нық сенімді ерікті қызметке бастайды.





қатар осы қылуette муридтері мен серіктерінде уажд¹⁰⁵ пен файиз¹⁰⁶ пайда болады. Бұл халге «сакр¹⁰⁷ мақамы» дейді. Осы мақамда саликке кейбір нәрселер көріне бастайды. Ғайып¹⁰⁸ мақамынан не келсе оған (тажалли¹⁰⁹ етеді) көрінеді. Шайх атанған кісінің муридтің «үш жүз алпыс тамырының»¹¹⁰ қайсысы разы, қайсысы разы емес екендігін білуі керек. Міне, егер шайх атанған кісі, муридін

¹⁰⁵ **Уажд** – арабша, табу, барлық болмыс қуаныш дегенге келеді. Сопылықта а) экстаз, муридтің ешқандай ұмтылыс – тырысу әрекетінсіз, қалбіне (жүрегіне) келген илхам (шабыт) сезім, құдайлық нұр, т.б. Уажд – Хактан келген мукаша-фалар, яғни тажалли – Алланың сипатымен есімдерінің көрінісі – уажд өзін-өзі жоғалту – тұншығу мағынасында қолданылады. Уаждтың ең жоғарғы дәрежесі ужуд; ужуд – болмыс, қауышу, сөздік мағынасы, сопылықта уаждтың ең жоғарғы халі – Хакты табу, онда жоқ болу, оған қауышу дегенді білдіреді. Мурид (салик) өзінен фани болғанда Хакты табады. Яғни, Хақиқаттың сұлтаны (Алла) тажали еткенде (көрініс бергенде) менміндіктен із қалмайды. (Кушайри) ужид – нақты уажд арқылы табу, оған қауышу деген сөз дейді.

¹⁰⁶ **Файз** – арабша, асып-тасу дегенге келеді. Сопылықта Алла тарапынан муридтің (саликтің) қалбіне (көңіліне) құдайлық нұрдың ағуы, әсер беруі.

¹⁰⁷ **Сакр** – арабша, мас болу, өзін жоғалту деген мағынада. Сопылықта жүрекке келген құдайлық нұр, шабыт аяндардың әсерінен саликтің (муридтің) сезімінен айырылып, жоқтық халіне түсуін айтады. Бұл халдің, яғни сакрдың антонимі, айығуды білдіретін сахи-халі. Сакр халі – мурид Алланың жамалын (дидарын) көрген кезде пайда болады. Сол кезде рух рахатқа батып, көңіл (қалб) мас болады (мас болу – метафоралық ауыспалы рухани-елту мағынасында қолданылады).

¹⁰⁸ **Ғайып мақамы** – сопылықта сезім органдары мен ақыл арқылы тануға болмайтын болмыстардың әлемі. Бұл әлемдер рухани, мағына әлемдері, сопылық жол арқылы бұл мақамдарға жету мүмкін.

¹⁰⁹ **Тажалли** – арабша, пайда болу, көріну мағынасында; сопылықта ғайыптан келген, қалб пайда болған нұрлар. (Ибн Араби, Кашани, Тарифат) көрінбейтін әлемнің адам көңілінде (қалбінде) көрінуін тажалли дейді. Әрбір құдайлық есімдердің шағылысқан (көрінген) жеріне, жөніне қарай түрлері бар. Тажалли нысандарының ғайып әлемі жеті түрлі: Хақ-ғайыбы; нафсі ғайыбы; сыр ғайыбы; тән перделерінің ғайыбы. Тажалли ұғымында Ғайыптан көрінетінге зұлматтан – жарыққа, танылмайтыннан танылатынға, білінбестен білінетінге өту процесі бар. Тажалли – жалпы мағынада Хақ (Алла) әр уақыт, әрдайым, әр жерде, әр затта, әртүрлі мәртебелерде көрініс береді, яғни өзін көрсетеді. Дегенмен, Хактың тажалли шағылысуын, көрінуін кез келген «көз» көру қабілетіне ие емес.

¹¹⁰ **Үш жүз тамыр** – муридтің психологиялық дайындығын, рух сарайын тану, білу деген сөз.



тәрбиелеп, мұратына жеткізе алатын болса ғана «ирадат»¹¹¹ қылуы, яғни, мурид алуы және тәрбиелеуі орынды болады. Егер муридті мақсат-мұратына жеткізе алмаса, мурид алуы және тәрбиелеуі орынсыз, дұрыс болмайды. Қиямет күні жауап беруі керек. Егер адал болса есеп береді, ал арам болса, азап көруі керек. Бірақ, көңіл әлемі ашылып, жетпіс мақамға ұласса, ондай көңіл Алла Тағаланың «назаргахы»¹¹², яғни айнасы болады.

Хз. Пайғамбарымыз да: «Хақ Тағала, сіздің жүздеріңізге емес, жүректеріңізге (көңілдеріңізге) қарайды». Оған қосымша тағы да «Мүминнің қалбы (көңілі) Рахманның Аршы¹¹³ және Рахманның үйі» деген болатын. Міне, Хз. Пайғамбарымыз осылайша жол көрсеткен-ді.

Хз. Дәуіт (а.с.) Хаққа мінәжат етіп былай деген еді: О, Тәңірім! Дүниеде патша деген құлдарың бар және олардың қазыналары бар. Ал, сенің қазыналарың қайда? – дегенде, Алла Тағала былай деп үн қатты: «Ей, Дәуіт, мүмін құлдарымның көңілдері – менің қазынам. Дүниедегі патша-құлдарым қазыналарына кей кездерде ғана қарайды. Ей, Дәуіт, мен болсам ол көңіл-қазынама күніне үш жүз алпыс рет қараймын».

Сондықтан да, осындай қасиетке ие болған көңіл Қағбадан да артық болар, мүмкін. Өйткені, Қағбаны Хз. Ибраһим салды. Ал, көңілдерді Алла Тағала салды. Көрініп тұрған Қағбаға барлық

¹¹¹ **Ирадат ету** – (ирада) – арабша, қалау, талап ету мағынасында. Сопылықта: а) Хақиқаттың үндеуіне сай жауап беруді қалайтын қалбтегі (көңілдегі) махаббат оты мен жалыны («Ибн Араби, Кашани»); ә) нәпсі, оның қалауынан, айтқанын басқа жолға, яғни Хақтың ризасында жөнелту; б) нәпсінің айтқанынан емес, Хақтың бұйрықтарын орындау дегенді білдіреді. Бұл мағынада сопылықта ирада (ерік), еріксіздік деген сөз. Яғни, салик (мурид) өз еркін жойып, орнына Хақтың еркін қою арқылы «тәңірім сен не қаласаң мен де оны қалаймын, сенің еркің менің еркім» деген сөз. Ирада мурид болу, шайхқа қол беру, оған мойынсынууды да білдіреді (Кушайри).

¹¹² **Алланың назаргахы** – қалб, жүрек, көңіл, сыр, көкірек, рух – бұлар қалбтің жеті ерекшелігі.

¹¹³ **Рахманның Аршы** – Арш-у рахман – (Алланың аршы), арш – арабша ғарыштардың ғарышы – ең ұлы ғарыш, так, иелік, биік, жайлау, тажалли, көрініс. Сопылықта ұлылықтың көрінісі Рахманның аршы – кемел адамның қалбі (көңілі) – Алланың тұрақты отыратын үйі болып табылады. Жер мен көкке сыймайтын болмыс – Алла мүмінің құлының қалбіне – жүрегіне сыйғандықтан ең негізгі ғарыш хақтың тұрағы – кемел адамның жүрегі.



жаратылғандар қарайды. Ал, көңілге болса, тек қана Алла Тағала қарайды.

Міне, жол бастаушы-шайх осындай қасиетке ие болып, көңіл әлемін ашып, жетпіс мақамнан өтсе ғана оған шайхтық қылуына болады. Егер бұл қасиеттерден жұрдай бола тұра шайхпын дейтін болса, онда ол жалған, өтірікші шайх болғаны. Ондай шайхтан сақ болу керек. Көңіл әлемі ашылған бір «муршид-и камилдін»¹¹⁴ назары муридке түссе, ол мурид (шайхтың назарын көтере алмай) талып, жығылады.

Хз. Мұса (а.с.) «разия мақамында»¹¹⁵ Тур-и Синада¹¹⁶ Тәңірінің заты¹¹⁷ тажалли болғанда, тау паршаланып, еріп кетті. Оны көрген Хз. Мұса (а.с.) пайғамбар талып қалды. Одан кейін Алла Тағала (Құранда) былай дейді: «Жаратқан ием, ол тауға «тажалли» етіп еді, тау да паршаланды, Мұса да талып түсті»¹¹⁸.

¹¹⁴ **Муршид** – арабша, жол көрсетуші; сопылықта тура жолды көрсетуші, шайх, әулие-ер, ерен, пір деген мағынада. Муршид саты сияқты. Басқалары сол сатымен жоғарылайды. Шырақ сияқты өзі жанады, айналасындағыларға сәуле, нұр шашады. Муршид – Аллаға, халыққа салынған саты, сол жол арқылы (Хақ) Алла халыққа, халық та Хаққа табысады. Муршид-тариқат көсемі, өзі кемел адам. Басқаларды да кемелдікке жеткізгендерге кемел муршид дейді.

¹¹⁵ **Мақам-разия** – нафстың кемелдену жолындағы бесінші мақамы – разия деп аталады. Бұл мақамда нафс бүкіл нұқсандықтардан арылып, фанаға ұласады. Бұдан былай нафс бұйрықтарға мойынсұнып, ізгілікті, ахлақтар пайда болады. Алланың есімдері мен сипаттарының көрінісі мен шағылысатын нысаны болады. Ізгілік оның қасиеті болып, хаққа-л уақин мәртебесіне ұласады.

¹¹⁶ **Тур-и Сина** – Сина шөлінде хз. Мұса пайғамбарға құдайлық аян келген таудың аты. Сопылықта хз. Мұса құдайға құлшылық етіп жатқанда (Турда) Алла оған нәпсі туралы сөз айтқан. Яғни, Алла Мұсаға тауда көрінді. Тур – нәпсі деген мағынада қолданылады. Мұсаның Тур тауында ес-түссіз талып қалуы, нәпсінің жоқ болуы дегенді білдіреді. Алла құл өзін жоғалтқанда көрініп, өзіне өзі келгенде көрінбейді.

¹¹⁷ **Тәңірінің заты** (зату-ул-Аллаһ) – абсалюттік болмыс, оның болмысы, барлығы өздігінен бар. Алланың заты ахадиятқа тән ғайып, қандай да бір тілдік ұғыммен тану мүмкін емес. Болмыста оның заты үшін тең келетін, сай келетін, теріс немесе қарсы келетін еш нәрсе жоқ. Ахадиятқа тән ғайып дедік, бұл жерде ахадият – арабша бірлік мағынасында, ахадият мақамы – құдайлық сипаттардан ең ұлы мақам, бұл мақамды ақыл мен тілмен сипаттауға келмейді. «Оны ғылыммен де еш нәрсе қамти алмайды» (Намл сүресі, 81-аят).

¹¹⁸ А'раф, 7/143





Хз. Шайх Нежмеддин Кубра (Алланың рахметі жаусын!) былай дейді: Муридтің «талуының» (экстазда болуының) үш түрі бар: алдымен – жазб¹¹⁹ халінде, екінші – уажд халінде және үшінші – шайхының назары халінен «талады немесе экстазға түседі». Бұлардың алғашқысы – бид'ат¹²⁰, екіншісі – сүннет, үшіншісі – уәжіп болуымен қатар мойынсұну (тағат) болып табылады. Жазб халінде мурид, Алла Тағаланың фазилеті мен рахметіне және Аллаға жақын болайын деп экстазға түседі. Бұл – бид'ат. Уажд халінде мурид, Тәңірінің сөзі мен зікірі көңіліне қатты әсер етіп, «халауат пен ләззат»¹²¹ тасқынына шыдай алмай талып түседі. Бұл – сүннет. Үшіншісінде мурид шайхтың назарына шыдай алмай экстазға түседі. Бұл – уәжіп.

Шайх Мұзаффар Дарияйи (Алланың рахметі жаусын!): «Қызыр (а.с.) пайғамбармен бірге жеті жыл жүрдім. Оған: Ей, Қожа, Дәуіт (а.с.) пайғамбардың сұхбатында (мәжілісінде) болдыңыз ба? Сөздерін есіттіңіз бе?» – деп сұрақ қойдым. Қызыр былай деді: «Ия. Естідім. Сөздері «исм-и зат»¹²², яғни Алла еді». Зауқ және шауқ ха-

¹¹⁹ Жазб – арабша, өзіне тарту, қызықтыру дегенді білдіреді. Сопылықта Аллаға тура жөнелу. Алланың құлын өзіне тартуы, рухты кемелдету арқылы жоғарлатып, өсіруі; құлдың – адамдық ерекшеліктерден ұзақтап, құдайлық ерекшеліктерді өзіне алуы арқылы вахдат (уахдат) тажаллиди (көріністерін) мушахада етуі (көруі). Жазб адамның риязат пен ибадатта әрдайым сезімдерінің жоқ болуы.

¹²⁰ Бид'ат – арабша, Ислам терминологиясында дінге кейіннен кірген бөтен ұғымдарды білдіреді. Сопылықта тариқатқа кейіннен араласқан әдеттер. Сопылықта тариқатқа бөтен әдеттердің кіруіне өте қатты тыйым салынған.

¹²¹ Халауат пен ләззат – трансцендентальдық мағынада – елту.

¹²² «Исм-и зат» – Исми Азам (ең ұлы есім – Алла), яғни исми зат – Алла дегенді білдіреді. Мейірім, рақымдылық және шапағат әсерінде болғандар «ұлы есім» (исм-и зат, ар-рахим немесе ар-рахман болады. Исм-и Азамды (ұлы есімді тану) білу Алланың ахлақын өзінде қалыптастыру, Алланың хз. Адамға үйреткен тоқсан тоғыз көркем есімінің талабын орындау деген сөз. Алланың есімдерін кітаптан оқып, жаттау емес, оның мәнінің өз табиғатында орын алуына тырысу керек. Тілің «ар-рахим» (аяушылық) есімін оқығанмен, ділің зұлым, мейірімсіз болса, исм-азам (исми-затты) да білмегенің, танымағаның емес пе?! Алланың тоқсан тоғыз есімінің барлығын өз табиғатында көрсете алатын жалғыз болмыс бар, ол – адам. Мұндай қабілет пен қасиет «Алланың жердегі халифасы» – адамда ғана бар. Сопылықта тоқсан тоғыз көркем есімдердің мәнін өз рухында көрсеткен адамға «кемел адам» дейді.



лiнде «Алла, Алла» деумен, сұхбатта бiрге болған бiр досына оның халi эсер еттi де «на'ра ұрып¹²³ жығылып талып түстi».

Дәуiт (а.с.) пайғамбар былай дедi: Бұл адамды сүйреп дарияға салындар! Егер оның на'расы мен талуы рас болса дариядан құтылсын! Ал егер жалған болса құтылмасын! Сол кезде оны дарияның қасына алып келгенде, дарияның суы тартылып қалады. Сол кезде Дәуiт (а.с.) пайғамбар бұны көре сала на'ра атып, өзiн мiнбеден тастап жiбердi.

Шайх Нажмеддин Кубра (Алланың рахметi жаусын!) былай дедi: «Егер (адам) жетпiс мақамнан өтетiн болса, содан кейiн на'ра атып жығылмайды және өзiне зиян қылмайды».

Шайх Ахмет Иасауи (Алланың рахметi жаусын!) осы мәселе бойынша: «Жетпiс мақамның iлiмiн бiлу керек, сосын ол iлiмдi (өмiрде қолдану) орындау керек. Қалғаны (өз ретiмен), Алладан жәрдем болса, мақамға жетедi», – дейдi.

Мәулана Суфи Мұхаммед Данышменд былай дейдi: «Бұл мақамдар «кашфу'л кубур¹²⁴ (қабiрдiң iшiндегiлердi көру)» және «кашфу'л қулубтан¹²⁵ (жүректiң түкпiрiндегiлердi көру)» тұрады. Бұлар мақамдардың ең төменгiлерi (кiшiлерi) болып табылады. Мiне, осы жағдайда ғана адам жетпiс мақамнан өтiп, шайхтық мақамына отырып мурид алуына, қажет болған жағдайда адақ алуына, дерманделiк¹²⁶ халдерiнде әулиелiк¹²⁷ халi мақамынан баян етуi және (керемет) көрсетуi орынды, сонымен қатар қажеттi нәрсе.

¹²³ **На'ра ұру** – шектен шыққан зiкiр түрi.

¹²⁴ **Кашф әл-қубур** – бiр әулиенiң мазардағы өлiлердiң о әлемдегi халдерiн бiлуi.

¹²⁵ **Кашф әл-қулуб** – бiр әулиенiң басқалардың көңiлiндегi, санасындағы (ойындағы) нәрселердi бiлуi. Кашф – құпиялы нәрсенi әшкерелеу, перденiң ашылуы деген мағынада. Сопылықта шабыт тiкелей Алладан алынған таным-ақпарат, кашф иелерi – әулиелер, сопылар Хақ жайлы кашф арқылы танымға ұласқандар – көңiл көзi ашылғандар. Көңiлдегi кiр мен қасаңды риязат және арылту арқылы көңiл тазалығына ұласқанда, ғайып әлемiнiң құпиясы ашылады. Перденiң ашылуына, яғни қалб көзiнiң ашылуын кашф дейдi.

¹²⁶ **Дерманделiк** – парсыша шарасыздық халдi айтады.

¹²⁷ **Уилаят** – арабша, бiреуге жақындау, жақындық, туыскандық, басқару, билiк, үкiм мағнасында келедi. Сопылықта нәпсiсiн жеңген, арылған құлдың Хақпен бiрге әрекет етуi. Алланың құлымен дос болуы, құлының есiмдерiмен тажалли етуiн айтады. Бұл тажалли хал, iлiм, зауқ түрiнде көрiнуi мүмкiн.





Жетпіс мақамнан өтпей, көңіл әлемін ашпай жатып мурид алып (ирадат ету), шайхтық жасаса қабыл болмайды. Ондай шайхтар дүниеде дінге зарар келтірер, иманға қатер төндірер...».

Шайх Нажмеддин Кубра (Алланың рахметі жаусын!) былай деді: «Адақ-сыйлық алудың шарты бар: құлдардың азды-көпті берген қандай да бір адақтарын пақыр, кедейлерге жетімдерге беру керек. Екінші, аз бенен көпті тең көру керек. Үшінші, шайх бұл адақтардан өз үйіне алмауы тиіс. Керек болса, ол адақта күмән болса оны алмауы керек. Адақ әкелгендерге (пендеге) дұға оқып, Алладан ол пендені тура жолға сала көр деп тілеп отыруы керек».

Тағы да Шайх Нажмеддин Кубра (Алланың рахметі жаусын!) былай деді: «Жетпіс мақамнан өткен, көңіл әлемін ашқан шайхтың қажет кезінде әулиелік пен керемет көрсетуіне болады. Хз. Пайғамбардан кәпірлер му'жиза¹²⁸ тілеген кезде, зәру болғаны үшін му'жиза көрсетті. Сондықтан да Пайғамбар былай дейді: «Сөзі мен ісі және хәлдері жөнінен шайх, үмметіміздің пайғамбары сияқты». Міне, егер мурид осындай шайхқа қол берсе орынды болады. Сонымен бірге шайхтың мункирлерге¹²⁹, мунафиктарға (екі жүзділерге) тура жолды көрсету (мақсатында) үшін керемет көрсетуіне болады».

Суфи Мұхаммед Данышменд: «Қожа Ахмет Иасауи – Султан әл-арифиннен (Алланың рахметі жаусын!) естідім: «Мурид (бір) шайхқа ирадат қылғаннан кейін, басқа шайхқа барып ирадат қыла алмас. Егер ол шайх муршид болмай шықса, муридті мұратына жеткізе алмаса, мурид те басқа шайхқа барып қызмет етіп, мұрат мақсатына жетсе орынды саналады. Дегенмен шайхтан рұқсат алуы тиіс.

Ижазат бір кісіге, қызмет мың кісіге деген сөз бар. Шайхтың муридіне бұйрық, ұсыныс, ақыл беруі, оның мақамнан мақамға жетуіне және жоғарылауына көмек көрсетуі уәжіп. Муридтің де шайхтың айтқан бұйрықтарына сай амал етуі керек. Құранда: «Пайғамбардың міндеті (тек қана) анықтап түсіндіру, жеткізу»¹³⁰ – делінген.

¹²⁸ **Му'жиза** – ақылға сыймас, табиғат заңдылықтарына карама-қарсы формада болған қандай да бір құбылыс, қазақша керемет десе де болады. Пайғамбарлардың көрсеткен кереметіне му'жиза дейді. Керемет пен мужизаның айырмашылығы бар; мужиза – пайғамбарларға, керемет – әулиелерге тән құбылыс.

¹²⁹ **Мункир** – терістеуші – Хақты жоққа шығарушы дегенді білдіреді.

¹³⁰ Нұр, 24/54.



Пайғамбар Тәңірінің бұйрықтарын үмметіне қалай жеткізсе, шайх та Тәңірінің бұйрықтарын солай муридтеріне (олардың рухани өсулері үшін) жеткізуі керек. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) қалай үмметі үшін күндіз-түні қайғырып, бес мың рет көз жасын төккен болса, шайхтар да муридiнiң мұратқа жетуі үшін күндіз-түні (Тәңіріге) жалбарынуы керек. Осы орайда Алла Тағала да: «Егер (адам) жаратушысына жақындауды, қауышуды қаласа, салих амал¹³¹ (игі іс) істесін»¹³² деп Құранда бұйырып отыр. Яғни, шайхтан насихат (үгіт, ұсыныс), муридтен орындау, Алладан жәрдем, шайхтан химмат¹³³ (рухани қолдау) керек. Бұлардың барлығы орындалса мурид мұратына жетеді.

«Шайхтың күпірлігі – муридтің иманы» деген сөз бар. Бұл сөздің мәні – жетпіс мақамнан өткен, көңіл әлемі ашылған шайхқа бір мурид қол берсе, шайх та мақамдардың сырын үйрету үшін өзінің жоғары мақамынан төмен түсіп муридке тәлім-тәрбие беруін «куфр-и шайх»¹³⁴ дейді. Бұл күпірлікке иман келтірілмес, келтірілсе «мурид иманы»¹³⁵ болады. Басқаша айтатын болсақ, балиғатқа жетпеген баласына анасы қалай мейірімі мен махаббатын төгетін болса, шайх та муридін солай тәрбиелеуі тиіс.

Тағы да негізгі мақсатымызға қайта келдік. Егер шайх муршид болса, муридін мұратына жеткізе алса, орнына лайық болғаны. Ал, егер жеткізе алмаса шайхтық мақамына лайық болмағаны. Шайх егер муридтің қолынан тұтса дін үшін мурид тәрбиелегені болып табылады. Ал, егер дүние үшін қолынан тұтса, муридтің ирадаты фасид (яғни, қате) болады. Сондықтан да Хз. Мұхаммед Мұстафа: «Барлық (қателердің) күнәлардың басы – дүниеқұмарлық» деген болатын.

¹³¹ Салих амал – ізгілікті іс, амал, іс-әрекет, жүріс-тұрыс мағынасына келеді. Сопылықта шарифат пен тарикаттың аясында істелген іспен құлшылыққа амал дейді. Амал діни, этикалық және рухани істердің барлығын қамтиды. Білгенін іс жүзіне асырғандарға амил, білгенімен іс істей алмайтындарға «амалсыз, бейшара» дейді.

¹³² Кахф, 18/110

¹³³ Химмат – арабша, қалау, қуат, тілек дегенді білдіреді. Сопылықта кемелдік халі, құлдың бір нәрсені иемдену үшін қалбінің барлық күшімен Хаққа бет түзеуі, ұмтылуы.

¹³⁴ Куфри шайх – жалған шайх болғандарға айтылады.

¹³⁵ Мурид иманы – йақини иман.





Шайх Нажмеддин Кубра (Алланың рахметі жаусын!) былай деді: «Шайхқа қол берудің (ирадаттың) шарты мынандай, егер шайх бай, мурид кедей болса, муридтің күнкөрісі шайхтың мойнында уәжіп болады, ал егер шайх кедей, мурид бай болса, шайхтың күнкөрісі муридтің мойнында уәжіп болады».

Мәулана Суфи Мұхаммед Данышменд шайх Хасан Басриден (Алланың рахметі жаусын!) былай деп келтіреді: «Сұхбат үш түрлі болады: біріншісі – шарифаттан сөз (накыл), екіншісі – хәл, әулиелік, химмет (рухани қолдау-жебеу) пен кемелдік жайынан сөз, үшіншісі – сыр (көңіл-қалб-жүрек) мен хәл және хақиқат жайында сөз».

Сондықтан да шарифат, тариқат пен хақиқат иелерінің міндеті қарапайымдылық пен риязат, мужахада қағидасы бойынша «қайғы жұтып» дұға, мінәжат етіп, мункир, мунафик және жолдан азғандарды тура жолға салу және тәубеге келтіру. Егер тәубеге келмесе Алла Тағала «жол көрсеткенге дейін» (тауфик¹³⁶ бергенге дейін) сабыр қылу керек. Өйткені, Хз. Пайғамбарымыз (с.а.с.) да былай дейді: «Тауфик үлкен (маңызды) нәрсе, ол тек қана азиз (таңдаулы) құлдарға ғана беріледі».

Баба (Машын) (Алланың рахметі жаусын!) **рисаласында** былай дейді: «Шарифат, тариқат және хақиқат иелері атанғандардың міндеті тура жолдан азған мубахаса¹³⁷ иелерін (сұхбат-тартыс иелері) дұрыс жолға салу үшін оларға ташуиқ¹³⁸ (қолдау) көрсетіп, тәубеге келулерін насихаттау. Шайх өз жолынан азғандар үшін хидаят¹³⁹ (тура жолға түсулерін) тілеп, үш күн үш түн «адасқандар» үшін дұға оқып, тілек тілеуі керек. Егер осы уақыт ішінде де тура жолға келмесе бес күн риязат және «мужахада тартуы» керек. Егер бұл уақыт ішінде де тәубаға

¹³⁶ **Тауфик** – арабша, сәйкес, үйлесімді, қабілетті ету дегенді білдіреді. Сопылықта Алланың құлының істерін өз ризасы мен махаббатына сай, еркімен ризасына лайықты істерді оған нәсіп етуі. Тауфик – құлдың еркімен Хақтың қаза мен тағдыр арасындағы үйлесімділік пен бірлікті айтады. Жетістіктің сыры – Аллада жатыр.

¹³⁷ **Мубахаса иелер** – ахл-ул-мубахаса келамдық дін басылар – мутакалимдер, факихтер.

¹³⁸ **Ташуиқ** – сағыну, үздігу, аңсау дегенді білдіреді.

¹³⁹ **Хидаят** – арабша, тура жолда күресу мағынасында. Сопылықта мақсатқа апарар жолды көрсету, соған апарар жолды ұстау. Тура жолды көрсетер ежелден – Алла болып табылады.





келмесе мужахаданы жеті күнге дейін жалғастыру керек. Осы әдіс арқылы мужахаданы қырық күнге дейін жалғастырып азғындар мен мухалафаттарды¹⁴⁰ (теріс жолдағыларды) жолға салу керек, сонда ғана шайхтық мақамына лайық болады».

Бұрынғы шайхтар былай дейді: «Даруиш үш нәрсені әрдайым уирд¹⁴¹ қылуы керек. Біріншісі – аштық пен сусыздық, екіншісі – ұйқысыздық, үшіншісі – «зикр-и хафи»¹⁴², яғни жүрекпен зікір салу. Бұл үшеуін бірге қылу керек. Егер біреуі кем болса дәруиш мұратына жете алмайды. Яғни, ораза күндері осыларды орындау керек. Ол үшін алдымен күніне бір кесек

¹⁴⁰ **Мухалафат** – арабша, қарсы шығу, тайталасу мағынасына келеді. Сопылықта нәпсіге қарсы шығу, күресу – Аллаға деген құлшылықтың басы. Шайхтарға: «Ислам деген не?» деп сұрақ қойғанда: «Нәпсінің мухалафат қылышымен басының кесілуі» деп жауап беретін болған. Бұл жерде Ислам дінінің бүкіл жамандық атаулыға қарсы шығатын бір қылышы, адамның жаратылысына қарсы теріс әрекеттердің қайнағы – нәпсіге қарсы исламның адамды адамдыққа, шындыққа жетелейтін құдайлық жол екендігінен хабар беріп тұрғандай.

¹⁴¹ **Уирд** – арабша, су үлесі, әскер, түннің ғибадатқа белгіленген уақыты, бір топ құс, Құранның әрбір жүзі (бөлігі), зікір, дұға, т.б мағыналары бар. Сопылықта пірлердің арнайы дұғалары Құран мен Сүннеттен алынады. Әрбір тариқаттың өзіне тән уирді (көпше түрі аурад) болады. Ахмет Иасауидың «Диуани Хикмет» еңбегінде «Кул-хуаллах, субханаллах» – уирд ейлесем (қылсам) деген жолдар бар. «Кул-хуаллах, субханаллах» зікірлері Иасауи тариқатының уирді болуы иқтимал.

¹⁴² **Зикр** – арабша, еске алу, оралу, еске түсіру, жадына сақтау деген мағыналарына келеді. Сопылықта Алланы еске алу, еске түсіру, оны ұмытпау, (инсан – адам ұмытшақ, ұмытқан дегенді білдіреді) ғафлат (қапы қалу) хәлінде болмау; Алла сөзін немесе «лә иләһа илаллах» тіркесін айту және қайталау; тариқатта сопылардың жиналып шайх немесе пірлерінің бақылауында Алла – Алла, ху-ху, ол Алланың аты хай-хай (Алланың сипаты) сияқты тіркестерді жүйелі әрекет формасында қайталау; зікірде кейде музыка аспаптары да қолданылатын болған. Зікірде зікір салушы (закир) зікір етілгеннен (Алла) басқа барлық нәрсені ұмытып, тек Алланы еске түсіріп, өзін өзі жоғалтқаны сонша, зікір салып жатқанын да білмей қалады. Сондықтан зікір өзін жоғалту (ғайып, әлемі, уажд) және Хақпен табысу халі болып табылады. Екі түрлі зікір бар. Олар-жаһри зікірі – дауысты айналасындағылардың ести алатын дәрежеде салынатын зікір. Дауысты зікір салатын тариқаттарға «жаһри тариқаты» дейді. Иасауи тариқаты – жаһри болып табылады. Кейбір зерттеушілер: Жаһри тариқаттың негізін салған Қожа Ахмет Иасауи болатын, – деген пікірде. Екінші – хафи зікірі, яғни өзі ғана еститін, үнсіз салынатын зікір. Мәлімет және Накшбанди тариқатының зікірі – хафи (үнсіз) болған. Сондықтан оларға «хафи тариқат» дейді.





еттің жартысын ғана жеп, зікірден бір сағат болса да ғафил¹⁴³ қалмау үшін бір күн бір түн ұйықтамау керек. Бір күн бір түн ұйқысыз қалғаннан кейін үш күнде бір ас ішіп, зікірден бос қалмау үшін тағы да үш күн, үш түнді ұйқысыз өткізу керек. Үш күн, үш түнді ұйқысыз өткізгеннен кейін һабис¹⁴⁴ аруақтар көріне бастайды. Оған ешқандай ілтипат қылмау керек. Осыдан кейін бес күнде бір ас ішіп, бес күн-түн тағы да ұйықтамау керек. Бұдан кейін көңілдің қараңғылықтары мен кірлері көріне бастайды. Келесі жолы жеті күнде бір ас ішіп, зікірден аз уақыт та болса қол үзбей, (бос қалмай) жеті күн-түн ұйықтамау керек. Осы кезде «кашф’ ул-қулуб» (көңілді-жүректі оқу) мақамы ашылады. Осы әдіс бойынша тоғыз күн-түн ұйқысыз қалғаннан кейін «кашф-ул кубур» (қабірдің ішіндегілерді көру) мақамы ашылады. Он бір күн-түн ұйқысыз қалғаннан кейін «кашфу аруах-и тайиба»¹⁴⁵ (жақсы аруақтарды көру) мақамы ашыла бастайды. Одан кейін он үш күнде бір ас ішіп, күндіз-түні ұйқысыздықтан кейін «кашф-ул малаика»¹⁴⁶ (періштелерді көру) мақамы ашылады. Бұдан кейін он бес күнде бір ас ішіп күндіз-түні ұйықтамаса «кашф-ул зу-л жалал»¹⁴⁷ (Хақ Тағаланы

¹⁴³ **Ғафил** (ғафлат) – арабша, қапы қалу, ұйқыда қалу, хабарсыз, парықсыздық деген мағыналарға келеді. Сопылықта адамның Алладан хабарсыз болуы; барлық әлемді, бүкіл жаратылғандарды Алланың жаратқандығынан және оның тажалли (көрініс берген) еткен жер екендігін ойламастан, фани-дүниедегі өмірімен әлек болып жүретін, әлемге ақыл-ой таразысымен терендей алмайтын, әлемдегі жаратылғандардың сыры мен құпиясын, хикметі құбылыстарын байқамайтын кісіге ғапыл адам немесе ғафлат халінде дейді. Қазақта «қапы қалу», «әблет (ғафлат) басқыр» сияқты тіркестер осы мағыналарды қамтиды. Сонымен ғапыл болу «ғафлат» нәпсінің, құлқынның құлшылығына түсіп, уақытты мәнсіз, мағынасыз өткізу, бір нәрсенің қадірі мен маңызына жете алмау, өз жанын бағалай алмауды білдіреді. Көңілдің Хақтан қапы қалуы, оның зікірден мақрұм болуы, яғни ғапыл болуы деген сөз.

¹⁴⁴ **Һабис** –(шайтан) жаман рух мағынасында, ашулы, зарарлы, зиянды рух.

¹⁴⁵ **Кашфу аруах-и тайиба** – періштелер әлеміндегі абстрактілі рухтар, бұл рухтың қасиетті рух, ұлы рух, адамдық рухтар сияқты есімдері бар. Тәнінен айрылған әулиелердің рухтарына да осы ат беріледі. Енді кашфу аруах-и тайиба тіркесі – адамдық ұлы аруақты табу деген сөз.

¹⁴⁶ **Кашф-ул малаика** – періштелерді білу, тану дегенді білдіреді.

¹⁴⁷ **Кашф-у зу-ул жалал** – (жалал иесінің (Алланың) білінуі). Жалал – мағшұқтың (Алланың) ғашыққа (сүйіктінің сүйеге) мұқтаж еместігін көрсету үшін ұлылығын





көру-мушахада) мақамы ашылып, мұрат-мақсатына жетеді. Осы әдіс негізінде он бес күн ішінде негізгі мақсатқа жете алмаса, онда қырық күнде жетеді. Егер қырық күнде де мақсатқа жете алмаса, әлбетте алпыс күнде жетеді. Егер алпыс күнде де жете алмаса, онда үш жүз алпыс күн-түндерде осылай жалғастыру керек. Бұдан кейін де мақсатына жете алмаса, онда өзінің бір кінәраты, айыбы бар деген сөз. Өзінің кемшіліктерін анықтап, тәубеге келіп, жалбарынып, құлшылықта болу керек. Бірақ Хақ Тағаладан үміт үзуге болмайды. Алланың рақымынан үміт үзбеңіз¹⁴⁸. Егер бұл дүниядә мақсатына жете алмаса ақыретте жетермін деп «һауф уа ража'» (қауіп пен үміт арасында) мойынсұнып, құлшылық етуі тиіс».

Шайх Нежмеддин Кубра (Алланың рахметі жаусын!) мен арифтердің сұлтаны Қожа Ахмет Иасауи (Алланың рахметі жаусын!) былай дейді: «Көңіл әлемінің айыбы мен кірлері көп. Олар мыналар: һубб-уд-дуниа¹⁴⁹ (дүниеқұмарлық), хырс¹⁵⁰, хасад¹⁵¹, ашу, дұшпандық, исиян¹⁵² ұмытшақтық, менмендік, рия¹⁵³ және көзбояушылық т.б. Муридтің көңілінде осылардан бірі болса мұратына жете алмас. Мурид болып мақсат мұратына жеткісі келетін, ғашық

көрсетуі, ғашықтың намысын жойып, өзінің алдында ғашықтың (адамның) шарасыз екендігін дәлелдеуі. Осы халді танып білуді кашф-ул-зу-ул-жалал дейді.

¹⁴⁸ Зумер, 39/53

¹⁴⁹ **Һуббу дуниа** – дүниеқорлық. Сопылықта дүние адамды Алладан (Хақтан) алыстатқан, қапы қалдырған нәрсе: мал-мүлік, пайдакүнемдік, атақ, лауазым, данқ. Захидтер мен сопылар дүниені жыланға, уға, жалмауызға, жезөкшеге теңеу арқылы метафоралық-символдық тіл қолданған. Хуббу-дуниа тіркесі мал-мүлік, пайда, атақ, лауазым, данқ, атакқұмарлық, жалпы-материалдық дүниеқұмарлықты білдіреді.

¹⁵⁰ **Хырс** – ұмтылу, шектен тыс қалу мағынасында. Сопылықта бір нәрсені иемдену жолында бүкіл құралдар мен жолдарда кез келген әдісті (шарифатқа сай ма, сай емес пе оған қарамастан) қолдану. Мұратқа жетуде адал деместен ұмтылу дегенді білдіреді. Бұл захидтердің (аскеттердің) жолы. Таза сопылық, таза жолдармен Хаққа ұласуды талап етеді.

¹⁵¹ **Хасад** – арабша, көреалмаушылық мағынасына келеді.

¹⁵² **Исиян** – арабша, қарсы шығу, көтеріліс мағынасында.

¹⁵³ **Рия** – арабша, екіжүзділік, риякерлік, «десіндердің» (бұл жерде мені жомарт десін, діндар десін, зиялы десін дегендерді – дегендер деп алып жүрміз) хәлі. Сопылықта Хақ (Алла) ризасы үшін жасалмаған ықылассыз, көңілсіз істер мен ибадаттарды айтады. Зікір өзін-өзі ұмыту дегенді білдіреді. Рияның антонимі ықылас. Исламда ғибадаттың мәні – рухы – ықылас.





болып (хабиб¹⁵⁴) махбуб¹⁵⁵ (сүйікті Тәңірі) – сүйіктісіне қауышуға ынтызар кісілер көңіл әлемінің кірлерін тазартып, риязат пен мужахада тартса, шайхы медет қылса, Алла Тағаланың қалауымен мұраты орындалады».

Алла Тағала Құранда былай дейді: «Біздің жолымызға қызмет еткендерді (жиһад еткендерді) өз жолымызға қауыштырамыз»¹⁵⁶.

Хз. Пайғамбар: «Әр нәрсенің бір зекеті бар. Тән зекеті¹⁵⁷ аштық пен сусыздық».

Міне, осылай риязат пен мужахада тарту арқылы көңіл әлемін ашқандардың, құрметті және берекелі іспен айналысқандардың Алла Тағала күнәларын кешіреді.

Шайх Мұзаффар Дарияйи былай дейді: «Жеті жыл Қожа Қызырдың (Алланың рахметі жаусын!) сұхбатында болдым. Гаус-ул ғиас, Қызыр мен Илияс бүкіл Қутубтардан бастап, ғайып ерендер, абдаллар¹⁵⁸, аутад¹⁵⁹ барлығы дұға қылды (бата берді): Тәңірім әміріне құлақ аспағандар, құлшылықтары мен парыздарын орындамағандар және Пайғамбарлық сүннетін мойындамағандар фикс¹⁶⁰ (күнә) фасад¹⁶¹ қылып жүргендерге тура жол мен тәубе бер! Тағы да дұға

¹⁵⁴ **Хабиб** – сүйікті, яғни Аллаға жар.

¹⁵⁵ **Махбуб** – арабша, сүйікті жар мағынасында, сопылықта абсалют, Хақ

¹⁵⁶ Анкабут, 29/69.

¹⁵⁷ **Зекет** – арабша, артық, молшылық, тазалық мағыналарындағы сөз. Сопылықта Алланың мұқтаждарға берген құдайлық нұрымен кемелдікке жеткен рухтың арылуы, тазалығын зекет дейді.

¹⁵⁸ **Абдаллар** – арабша, жеті немесе жетпіс шамасында әулиелер тобы. Дүниеге карағанда ақыретке, көңілін Хаққа берген таза адамдар, әулиелер.

¹⁵⁹ **Аутада** – арабша, тіректер, ұстындар, төрттаған дегенді білдіреді. Иерархиялық әулиелер шынжырында орын алған топ. Төрт әулиеден тұратын аутада, бірі – күнгейде, бірі – теріскейде, бірі – шығыста, бірі – бағыста, бір орталықтан рухани нәр алып, тарағаны үшін осы атты алады. Әр дәуірде Хз. Ыдырыс, Хз. Илияс, Хз. Иса, Хз. Қыдырға көмекші болған, яғни Хақ тарапынан әлемнің төрт бұрышын қорғау үшін тағайындалған, әулиелерге аутада (төрт аутада) дейді. Сопылықта әрбір әулие пірлер өсіріп, тәрбиелеген шәкірттерін дүниенің төрт тарапына жіберіп отыратын. Өзі орталық астанада болған.

¹⁶⁰ **Фикс** – пасықтық мағынасында.

¹⁶¹ **Фасад** – арабша, апат, тепе-теңдіктің бұзылуы дегенді білдіреді. Сопылықта адамгершілік моральдық және діни тұрмыстың бұзылуы, сулукте (сопылық тәрбие жолының) қағидаларымен негіздерінің бұзылуы, тариқаттың негізгі құралдарының





кылып: Тәңірім, қорлық, қиындық пен түрлі бәлелерге душар болған пенделеріңе рақым ет! Олардың дұғалары қабыл болып, жолсыздар өз жолдарын табатын еді».

Міне, ей, дәруіш, бүкіл пайғамбарлар мен әулиелер, өлісі бар, тірісі бар, ғайып, хазыр, хас¹⁶² барлығы дұға кылумен шұғылданған. Осы мәселе бойынша Хз. Пайғамбар былай баяндайды: «Салихтер (әулиелер) болмағанда залымдар халак¹⁶³ (жоқ) болар еді».

Шайх Шибли былай дейді: «Әулиенің мағрифаты мәселесінде шайхтар арасында әртүрлі пікірлер бар. Кейбіреулер, әулие әулиелігін біле алмайды десе, кейбіреулері әулиелікті білуге болады, дейді. Білу мүмкін емес дегендер «Күмбезімнің астында (яғни, қарамағымда) көптеген әулиелерім бар, оларды менен басқасы (ешкім) білмейді» деген хадиске сүйенетін болуы ықтимал».

Хз. Пайғамбар: «Ықыластылар да (әулиелер де) үлкен қауіп-қатер ішінде».

Шайх Нажмеддин Кубра (Алланың рахметі жаусын!) былай дейді: «Әулиелікті оның белгілеріне (‘аламат¹⁶⁴) қарап танып, білуге болады. Кейбіреулері тоғыз, кейбіреулері қырық, кейбіреулері жеті, ал, кейбіреулері үш белгі арқылы әулиелікті танып, біле алады», – дейді. Егер белгісі – аламаты үштен кем болса ол әулие бола алмайды. Біріншісі – ол әулие кісі дүниеқұмар болмау керек. Екіншісі – аштық пен сусыздық арқылы нәпсісін тыюы керек. Үшіншісі – түнде (қараңғылық-зұлматтарда) ұйқысыз, ояу болуы керек.

Шайх Нажмеддин Кубра (Алланың рахметі жаусын!) былай дейді: «Аз тамақ жеу, қанағатшыл болу, аз ұйықтау, ояу болу, аз сөйлеу, көп зікір салу – бұлар рухани тірі (көңіл көзі ояу) болудың белгісі. Егер осы белгілер бір адамның басында болатын болса, онда ол әулие болғаны. Шайхпын, тариқат жолында жүрмін дегендер, егер жетпіс мақамнан асып, көңіл әлемін ашып, ғайып ерендер мен шайхтардан, аруақтардан ижазат алып, тариқат жолындамын деген сөздері рас болса, шайхтық мақамына сай болады. Турасын Құдай біледі».


(адап және арқан) өзгеруі, рухани халдерінің, жүректің (қалбтың) ойнауы, тариқатқа бөтен нәрселердің кіруін білдіреді.

¹⁶² **Хас** – арабша, нағыз, қас (батыр) дегенді білдіреді.

¹⁶³ **Халак** – әлек деген сөз. Қазақта «Әлін білмеген әлек» (Халін білмеген халак) деген мәтел бар.

¹⁶⁴ **Аламат** – арабша, белгі, ишара, естелік, із, символ мағынасында.





لله الحمد لله
والصلاة والسلام على

ХАҚИҚАТ ЖАЙЫНДА

(Қалай) бұйырылсаң (солай) тура бол!¹⁶⁵ Хақиқат – менің халдерім).

Шайх Ахмет Иасауи (Алланың рахметі жаусын!) былай дейді: «Хақиқат – көңілмен (амал ету) іс қылу деген сөз. Пайғамбар (с.а.с.) «(Қалай) бұйырылсаң (солай) тура бол!»¹⁶⁶ – деген аяттан қорқып, «Сонан соң Хз. Ибраһимнің дінімен тура жолға түсуің үшін аян бердік»¹⁶⁷ аятымен амал етті. Хаққа мифраж тауып, жетпіс мың пердеден (қат, қабат, мақам) асып, Хз. Пайғамбарға (с.а.с.) жетпіс мақамда аят келді».

Алла Құранда: «Олар үшін жетпіс рет кешірім өтінсең де, Тәңірі оларды кешпейді»¹⁶⁸. Бұл аят жетпіс мақамды білдіреді. (Хақ Тағала) жетпіс мың пердені жетпіс мақамның ішіне қойды. Жетпіс мақамды да жеті йақин¹⁶⁹ (хақиқи және абсолюттік таным) ішіне орналастырды. Бұлар мыналар: исм әл-иақин¹⁷⁰, расм-әл йақин¹⁷¹,

¹⁶⁵ Нуд, 11/112.

¹⁶⁶ Нуд, 11/112.

¹⁶⁷ Наһл, 16/123.

¹⁶⁸ Тәуба, 9/80.

¹⁶⁹ **Йақин** – арабша, дәл абсалюттік таным, күмәнсіз, шексіз шынайы шындық, ақиқат. Сопылықта берік сенім, иманға дәлелдермен емес, таза иман қуаты арқылы көз жеткізу; саф таза қалб (көңілмен) пен ғайып әлемін тамашалау; бір нәрсенің ақиқаты, жөнінде көңілдің тоқ болуы. Сарраж, Қушайри, Таһанауи йақинді үшке бөледі. Бұлар илм-әл йақин; исм-әл йақин; расм-әл йақин; айн-әл йақин, хаққ-әл йақин, хақиқат-әл хаққ-әл йақин, Аллаһ-әл хаққ-ид-йақин деп йақинді жетіге бөледі.

¹⁷⁰ **Исм-әл йақин** – йақиннің мән, заты, өзі дегенді білдіреді. Иасауи йақиннің өз мәніне жетуді бірінші орынға қояды.

¹⁷¹ **Расм-әл йақин** – йақиннің белгі беруі, көрініс беруі, пайда болуын білдіретін сапалық ерекшеліктер.



‘илм-эл йақин¹⁷², ‘айн-эл йақин¹⁷³, хаққ-эл йақин¹⁷⁴, хақиқат-эл хаққ-ил йақин¹⁷⁵, Аллаһ-эл хаққ-ил йақин¹⁷⁶.

Бұл жеті йақинді де «мужахада» ішіне қойды. (Мужахада) Құрандағы «Біздің жолымызға қызмет еткендерді (мужахада еткендерді) өз жолымызға саламыз»¹⁷⁷ деген аятқа негізделген.

Бұл мужахаданы да Хақ Тағаланың «инаяты»¹⁷⁸ (Алланың жәрдемі) ішіне қойды. (Инаят) Құрандағы «Тек (қана) саған құлшылық етіп, тек (қана) сенен жәрдем тілейміз»¹⁷⁹ деген аятқа негізделген.

Хз. Пайғамбар да (осы аяттың әмірі мен мәнінің негізінде) Тәңіріден «инаят» тілеп, мужахада етті. Жетпіс мың мақамнан өтіп, хақиқатқа ұласты. Сол уақытта (оның бақасын¹⁸⁰) бол-

¹⁷² **Илм-эл йақин** – бір нәрсе жайлы хабарға сүйенген таным, мысалы шарифат үкімдері жайлы анық таным-білім, мукашафа, кашф хәлінде ақиқат нұрының (тажалли) көрініс беруі.

¹⁷³ **Айн-эл йақин** – өз көзімен куә болған йақин-таным. Қалбтің мушахада жолымен хаққа иахдатты көруі.

¹⁷⁴ **Хаққ-эл йақин** – бір нәрсені көріп, тату, өз рухымен жүзеге асыру арқылы абсолюттік танымға ұласу деген сөз. Хақтың өз ақиқаты, саликтың тек қана ілім жолымен емес, сонымен бірге хәл-мушахада арқылы Хақта фани және Хақпен бірге баки (мәңгілік сипат) болуы. Адамның өлетінін білуі – илм-эл-йақин, өлім төсегінде жан ұшыруы, өлім періштесін көруі – айн-эл-йақин; өлімді татуы, яғни өлуі – хаққ-эл-йақин мысалы бола алады. Басқаша илм-эл-йақин, шарифаттың сыртқы пердесі, айн-эл-йақин шарифатта – ықылас; хаққ-эл-йақин – шарифатты мушахада ету, яғни шарифатты өз рухында сезіне білу.

¹⁷⁵ **Хақиқат-эл хаққ-ил йақин** – Хаққа – әл-йақиннің өзі, мәні, сыры деген сөз.

¹⁷⁶ **Аллаһ-эл хаққ-ил йақин** – Хаққа – әл-йақиннің мәні сыры, Алла Тағала – хақиқаттардың хақиқаты, Ахадияттың заты. Яғни, бірліктің өзі.

¹⁷⁷ Анкабут, 29/69.

¹⁷⁸ **Инаят** – арабша, несібе, қайыр, демеу, иілік дегенді білдіреді. Сопылықта Алланың (хақтың) адамға игілігі, қорғауы, демеуі дегенді білдіреді.

¹⁷⁹ Фатиха, 1/5.

¹⁸⁰ **Бақа биллаһ** – (бақа – арабша) әрдайым бір халде болу, өзгермеуді білдіреді. Сопылықта адамның Хақты барлық нәрседе көруін айтады. Адамның өзіне тән нәрселерінен бас тартып, Аллаға тән нәрселермен бақаға мәңгілікке ұласады. Бақа биллаһ – Алламен мәңгілікке жету мақамы нәпсін жойып, біржола арылу. Бұған қолы жеткен адам – бір іске кірісерде «бас пайдасы үшін немесе зиянды нәрсеге тосқауыл болу үшін емес, тек қана Алла ризасы үшін істейді». Бақа хәлінде адамның жаман әдеттері мен қасиеттерінен арылып, ізгілікті ахлақпен, Алланың разы болатын құлдық әрекеттерімен, әрленуі ең негізгісі. Бұл хал бақа биллаһ, яғни



мысын көрді. Сыр¹⁸¹ (көңіл, рух) миғражын қылды. Бұны тән миғражы да (растайды) баяндайды.

«Алла Тағала Құранда: «Бір түні оны (құлын – Хз. Пайғамбарды) аяттарымызды (белгілерімізді) көрсету үшін Харам (Меккеден) мешітінен Ақса (Қуддус) мешітіне апарған Алла әртүрлі кемшіліктерден пәк»¹⁸².

Хз. Пайғамбар миғражда рабб-ул иззатқа¹⁸³ жеткенше елу мәртебе/дәреже асты: 1 – ақыл, 2 – Алланың болмысын білу, 3 – Алланың әлемнен бұрын бар екендігін білу, 4 – Оның мәңгі (бақи¹⁸⁴) екендігін және жоқ болмайтындығын білу, 5 – Хайу¹⁸⁵ (тірі) екендігін және өлмейтіндігін білу, 6 – 'алим¹⁸⁶ (көп білуші) екендігін білу, 7 – қадир¹⁸⁷ (әр нәрсеге күші жететіндігін) екендігін білу, 8 – сами¹⁸⁸ (естуші) екендігін білу, 9 – басир¹⁸⁹ (көруші) екендігін білу, 10 – мурид¹⁹⁰ (тілеуші) екендігін білу, 11 – фа'ил¹⁹¹ (іс істеуші) екендігін, 12 – мәтінде түсіп қалған, 13 – 'амир (әмір беруші) екендігін білу, 14 – «лайса лаһу мисл» (оған ұқсас ештеңе жоқ) екендігін білу, 15 – тумаған және туылмағандығын білу, 16 – Оның орнын басқа ештеңе ауыс-

Алланың сипаттарымен, ерекшеліктерімен, қасиеттерімен әрленуі бақа биллаһ болып табылады.

¹⁸¹ **Сыр миғражы** – сыр рух, сияқты адам тәніндегі бір нәзік мағына қалб, рух, сыр қатарымен қойғанда рухтан кейін орын алатын, рухтан да нәзік мән. Қалб – мағрифаттың (танымның), рух – махаббаттың, сыр – мушахаданың нысаны сияқты. Яғни, сыр рухтың – рухы. Әр жерде Алланы көре білу сырдың миғражын білдіреді.

¹⁸² Исра, 17/1

¹⁸³ **Рабб-эл иззат** – Ұлылықтың жаратушысы – Алла.

¹⁸⁴ **Бақи** – «эл-бақи» – Алланың есімдерінің бірі, жалғасып отыратын, мәңгілік.

¹⁸⁵ **Хайу** – «эл-хайу» – Алланың есімдерінің бірі, мәңгілік өмірде – тірілік.

¹⁸⁶ **Алим** – «эл-алим» – Алланың есімінің бірі, өз орнымен білуші.

¹⁸⁷ **Қадир** – «эл-қадир» – Алланың есімдерінің бірі, құдірет иесі, әр нәрсеге күші жетуші.

¹⁸⁸ **Сами** – «ас-самиф» – Алланың есімдерінің бірі, барлық нәрсені естуші.

¹⁸⁹ **Басир** – «эл-басир» – Алланың есімдерінің бірі, барлығын көруші.

¹⁹⁰ **Мурид** – талап етуші, қалаушы, ерікті дегенге келеді (ең негізгі ерік иесі – Алла). Сопылықта тариқатқа кіріп, шайхқа қол берген дәруіш.

¹⁹¹ **Фаил** – «ал-файл» – Алла (жасаушы).





тыра алмайтығын білу, 17 – хаким (хикмет иесі) екендігін білу, 18 – садик (турашыл) екендігін білу, 19 – самад (ұлы, ештеңеге мұқтаж емес) екендігін білу, 20 – пайғамбарлар жіберуші екендігін білу, 21 – көңілдерді жылытар сөз сөйлегеннің де (Алла) екендігін білу, 22 – мәтінде түсіп қалған, 23 – қабірден (өлген соң) тірілткен Алла екендігін білу, 24 – игілік иелерін істеріне қарап сүйетін де Алла екендігін білу, 25 – құлдардың күнәларын кешіретіндігін білу, 26 – (оның) әділетті екендігін білу, әрі қарай ниет, сосын сабыр, келесі йақин, қауіп, үміт, хайа¹⁹², хилм¹⁹³ шарх¹⁹⁴ (көңілдің ашылуы), тасдиқ¹⁹⁵, итиқад¹⁹⁶, ықлас, инаят, тамкин¹⁹⁷, қабул¹⁹⁸, тауаккул¹⁹⁹, тафиниз²⁰⁰ (істі Аллаға тапсырып, разы болу), зухд, насихат, шафқат²⁰¹, әулиелік, ғылым, керемет, рахмат мәртебелері... (Хз. Пайғамбар) осы мәртебелерден асып,

¹⁹² **Хайа** – арабша, ұялу, қысылу. Сопылықта әшкереленуден қорғану себебімен нәпсінің бір нәрсені істеуден немесе істемеуден қысылуы. Имани хайа мұминді күнәдан шектеп сақтап қалады. Хайа Алланың құзырында «мендікті» жою деген сөз. Хз. Пайғамбар «Ұялу (хайа) – иманнан туады» дейді.

¹⁹³ **Хилм** – арабша, қайрымдылық, жұмсақтық, достық мағынасында.

¹⁹⁴ **Шарх** – арабша, ашылу; шарх-и садр – көңілдің ашылуы, көкіректің жарылуы. Сопылықта көңілі құдайлық мағрифат нұрымен сәулеленген арифтің хәлі мен сипаты. Салиқтың рухындағы қабілеттердің артуын білдіреді.

¹⁹⁵ **Тасдиқ** – арабша, бекіту, анықтау деген мағынада.

¹⁹⁶ **Итиқад** – арабша, сенім, иман, исламның имандық доктринасы.

¹⁹⁷ **Тамкин** – арабша, мекендеу, тұрақ-тұрақтану дегенді білдіреді. Сопылықта жүрген жолда тұрақты, баянды болу дегенді білдіреді. Тамкин мақам иелерінде болады. Хаққа ұласқандарға тамкин иелері дейді.

¹⁹⁸ **Қабул** – арабша, қабылданған, мойындаған деген мағыналарға келеді. Сопылықта Хақтан құдайлық нұр (файз) мен шексіз тажалли (көрінісін) қабылдауы.

¹⁹⁹ **Тауаккул** – арабша, сену, белбайлау мағынасындағы сөз. Сопылықта тауаккул-қалб (көңіл) ісі. Қалбтің (көңілдің) әртүрлі қобалжу, үрейінен арылып, тек қава Аллаға сүйенуі. «Хасбуналлаһ уа-нимал-уақил», «тауаккулту-ала-Аллаһ», «Аллаһ кафи» – зікірлері тәуекелшілердің, сопылардың ісі. Олар бүкіл болмысын Аллаға тапсырады. Алланың құзырында «өлік» сияқты халге кіреді.

²⁰⁰ **Тафиниз** – арабша, мойындау дегенді білдіреді, тауаккулдің абсолюттік түрі. Құлдың жан-тәнімен Алланы уәкіл етуі, тек оған ғана арқа сүйеуі.

²⁰¹ **Шафқат** – арабша, жан ашу, аяушылық мағынасында, сопылықта, халықтың қажеттілігін қанағаттандыру, күші жетпейтін істі ұсынбау, ұғына аларлық тілде оларға сөз сөйлеу деген сөз.



ниетіне, мақсатына жетті. Хақ Тағаладан барлық сыйларын алғаны сонша көңіл мен «перделердің» иесінің (Алла) (ашылмаған) пердесі қалмады. Фазилат²⁰² пен шауқ жағынан Хаққа деген жақындығы екі оқ бойындай ғана еді. Бұл бұрынғы және кейінгі сопылардың ортақ көзқарасы болатын.

Суфи Мұхаммед Данышманд Қожа Ахмет Иасауиден былай деп келтіреді: «Муқарраб²⁰³ болған Хаққа қурбат²⁰⁴ мақамындағы (күл) кісі дидар²⁰⁵ көреді. Хз. Пайғамбарымыз да: «Жұмыр бастағы көзіммен емес, көңіл көзімен дидар көрдім» – деді.

Алла Тағала Құранда былай дейді: «Ал егер өлген кісі, Аллаға жақындардан болса, оған рақатты, шаттық өмір әрі нығметті жұмақ бар»²⁰⁶.

Ал, Хақты теріске шығарушылар (яғни, мункирлер) мен мунафиктар²⁰⁷ былай дейді: «Мұндай миғраж қалай болады? Жеті қабат көкті бір сағатта жүріп өту қалай болады екен? Оның ғажайыптары мен кереметін, тағы да (тірідей жаннаттың (пейіш) есігін көру, оған қоса «Арш»²⁰⁸, «Курси»²⁰⁹ мен «Лауһ»²¹⁰ пен «Қа-

²⁰² **Фазилат** – арабша, кемелдік, парасаттылық, ізгілік дегенді білдіреді. Сопылықта, фазилат – адамның туа біткен жақсы мінездері мен көркем қасиеттерінің кемелдік дәрежеге жетуін айтады.

²⁰³ **Муқарраб** – арабша, Аллаға жақын болған әулиелер, Пайғамбар мен періштелер үшін де қолданады.

²⁰⁴ **Қурбат (мақамы)** – арабша, жақындық дегенді білдіреді. Сопылықта әулиенің сипаттары мәселесінде, Хақтың құзырына жақындық (қурбат) мақамына ұласуды айтады.

²⁰⁵ **Дидар** – Алланың жамалы.

²⁰⁶ Уақи'а, 56/88-89.

²⁰⁷ **Мунафик** – арабша, екі жүзділік мағынасындағы діни термин.

²⁰⁸ **Арш** – арабша, тақ, күмбез мағынасында. Сопылықта көңіл дегенді білдіреді. Тәңірінің құдіретінің көрініс берген жері, яғни Тәңірінің тоғызыншы қат көктегі «тағы».

²⁰⁹ **Курси** – арабша, кафедра, стол, мағынасында. Сопылықта құдайлық биліктің білінуі, тыйым мен бұйрық аланы.

²¹⁰ **Лауһ** – арабша, жарқырау, пайда болу, көріну мағынасында. Сопылықта белгілі уақытпен шектелген жазу немесе тағдыр. Бірнеше лауһ түрі бар: ақл-и аууал лауһі; қаза лауһі. Лауһу махфуз – жоғары әлемде болған және болатын барлық нәрсені қамтитын құдайлық лауһінің аты. Бұны тағдыр лауһісі де дейді.



ламды»²¹¹ тамашалау, Алламен тікелей тоқсан мың сөз сөйлесу, құрбат мақамында тұрып Алланың дидарын көру – бұлардың барлығы (сандырақ) мүмкін емес», – деді.

Шайх Нажмеддин Кубра (Алланың рахметі жаусын!) былай дейді: «Бұл жолда тек сабырлылар мұратына жетеді». Құранда осы жөнінде баян етеді: «Тек сабыр етушілер ғана есепсіз сыйға (көреді) кенеледі»²¹².

Хадисте де: «Сабыр – Алланың қазынасы. Оны тек әулие құлдарына ғана сыйлайды».

Шайх Нажмеддин Кубра (Алланың рахметі жаусын!) былай дейді: «Шариғатта жамандыққа (бәлеге) сабырлы болу, тарикатта бәлеге шүкіршілік қылу, ал, хақиқатта болса бәледен дәм тату керек».

Хз. Қожа Ахмет Иасауиден бұрын, көп ілгеріде (Адам Атаға) шариғат берілді. Кезек Ибраһимге келгенде оған тарикат берілді. Хз. Мұхаммед (с.а.с.) Пайғамбарға хақиқат берілді. Сол кезде Хз. Мұхаммед (с.а.с.) Пайғамбар (жалбарынып) мінажат қылды. «Тәңірім, хақиқатпен жүру өте қиын. Үмметтерім бұл жолмен жүре алмайды, (аси²¹³) күнәһар болады» – дегенде, Хақтан пәрмен келді: «Сенің үмметтеріңе шариғат, тарикат пен хақиқат бердім. Қаласа (шариғат пен тарикат) екеуімен жүрсін, бірақ, Мұхаммед, хақиқатты әркімге айтпа, (тек қана) ариф пен ғашықтарға ғана (оның сырын) ашылуға болады. Өйткені бұл айтылмайтын «сыр ғылымы», тілмен айтып (ұғындыруға тырыспа) жеткізуші болма», – деді.

Хақиқат жолында жүрмін дегендер, Хаққа жақын шайх деп танылғандар, осы хақиқат бөлімінде айтылған жетпіс мақамнан асып, жетпіс мың пердені ашып, хақиқат жолына түссе, сонымен қатар Хз. Пайғамбардың (с.а.с.) көргендерін көрсе, мағнауи (рухани) хал-

²¹¹ Қалам – арабша, кесу, бұтау, қайшы, жазу, пал, оғы сияқты мағыналарға келеді. Сопылықта калималардың (жаратылғанның) қалыбын анықтауға көмекші болған рухқа қалам дейді. Қаламды алғашқы ақыл деген мағынада қолданғандар да бар (таһанауи); қалам – ұрық, дән мәнге де келеді. Адам ұрығы (қаламы) ана рақымына түскенде адамдық қалыбы бүкіл ерекшеліктерімен көрінеді (пайда болады).

²¹² Зумар, 39/10

²¹³ Аси-иснан – арабша, қарсылық, көтеріліс деген сөз. Сопылықта мойынсынбауды білдіреді.



дерінің рас, сөйлегендері де шын және «муқарраб», «машайих» деген атқа лайық болғаны.

Ал, егер (бірі) осы, хақиқат бөлімінде айтылған жетпіс мақамнан аспай, жетпіс мың пердені ашпай тұрып Хз. Пайғамбардың (с.а.с.) көргендерін көрместен «Мен Хаққа қауыштым» дейтін болса, өзі де, сөзі жалған, нағыз Хақтың дұшпаны болғаны.

Өтірікші – Хақтың дұшпаны. Хз. Пайғамбар (с.а.с.) бұл жөнінде былай дейді: «Әрбір сөздің мән-мағынасы бар. Сөзінің мәні бар адам дұрыс, ал сөзінің мәні жоқ адам нағыз өтірікші... Адам баласына мән-мағыналы сөзден бос сөзі көп бір заман келеді. Егер бірі бір сөз айтып, артынан сөзінің мәнсіз екендігі әшкереленетін болса, ол адам нағыз жалғаншы, өтірікші... Пайғамбар рас айтады».

Қутб-әл ақтаб Қожа Ахмет Иасауи және «Табақат шайхтары» былай дейді: «Ақыр заманда бізден кейін шайхтар пайда болып, олардан шайтанның өзі де дәріс алатын болады. Олар Ібілістің ісін істейтін болады. Жаратылғандармен дос болып, олар не қаласа соны орындайтын болады. Муридтерін мақсатына жеткізу былай тұрсын, жол көрсете де алмайды. Сыртқы көріністерін әсемдеп, муридтерден көп дәметіп, іш әлемін (батин) хараб²¹⁴ қылады. Күпірлік пен иманның арасын айырмайды. Ғалымдарға құрмет көрсетпейді, ілтипат жоғалады. Аһл-ул сунна уа'л жама'тқа²¹⁵ дұшпан болып, аһл-ул бид'ат уа-л далалатты²¹⁶ жақтайтын болады. Істері жамандық бола тұра Алла Тағаладан жақсылық үміт етіп, шайхтыққа таласады. Шайхтықты да қор қылып, муридтерінің есігінде жүреді. Өйткенше, шайхтық қылмай-ақ, муридтерге пір болмай-ақ қойғаны дұрыс болар еді. Егер мурид бірдеңе бермесе зорлық қылып алады. Егер одан алған нәрсесін жетім-жесірге, жоқ-жұқаналарға бермей, өз үйіне жаратып, өзі жейтін болса, онда ит өлігін жегенмен тең болады. Егер

²¹⁴ **Хараб** – арабша, қиындық, құлаған жерлер мағынасындағы сөз. Сопылықта сопының нәпсі үйін жығуы, өзінде дүниелік ешнәрсе қалмауын білдіреді. Оның нәпсі үйін жығуы, хайуандық құлықтарды тәрк етуі, жаман әдет, мінездерінен арылуын білдіреді. Хараб сопылар – топырақ сипат болғандар немесе «өлместен бұрын өлгендер» дейді.

²¹⁵ **Аһл-ул сунна уа-л жама'ат** – бұларға аһл-ул-хақ да дейді. Алла жолының адамдары – діни терминде дәстүрлік сунниттік бағыттағыларды айтады.

²¹⁶ **Аһл-ул бид'ат уа-л далалат** – діни терминде сунниттік жолдан шыққандарды айтады. Бұларды адасқандар да дейді.





шайх осылай жеп, киінетін болса, кигені иығында жүргенде қылған намазы, тұтқан оразасы Алла Тағала тарапынан қабыл болмайды. Жеген әрбір түйір асы үшін тамұқта үш мың жыл азап шегеді».

Арифтердің Сұлтаны былай дейді: «Бізден кейін осындай мубтади (дінбұзарларға) пір екен деп қызмет ететін болса кәпір, малғұн болады. Ондайлардың істегендерін ғылым орнына қойып, дінбұзарлық әрекеттерін сүннет санап һалал²¹⁷ көру, бұлардың барлығы шарифатта күпірлік, тариқатта теріске шығарылған (мардуд²¹⁸), хақиқатқа сыймайтын (бизар²¹⁹) істер болып саналады».

Қожа Ахмет Иасауи тағы былай дейді: «Мұндай шайхтарға қол беріп, өздерін азапқа салып, кіріптар болғандардың (бейшаралардың) хәліне қара...»...(шындығында) азабым қатты (болады²²⁰). Ей, дәруіш, шайхтыққа талас қылғандардың қырық жыл бойы камил пірдің қызметінде жанын жалдап, одан рұқсат алып, ижазат алуы керек. Егер бұлай болмаса шайхтың мурид тәрбиелеуі, одан сый алуы һарам, батыл²²¹ болады. Шарифатқа теріс әрекет істеген кісі діннен шығады, тариқатқа теріс әрекет істеген кісі мардуд болады, қуылады. Тәубаға келместен дүниеден өткендер тамұқта азап шегеді. Мұндайлардан құдай сақтасын!».

Мынандай бір әңгіме бар, бір күні Ібіліс малғұн Қызырға (а.с.) былай депті: «Мынаны біліп қойғын, мен мүминдердердің күнәларын жеңілдетемін, намазды тастатып, шарифатқа жат қылмыс істеу, (шахуат²²²) дүниеқұмарлық сияқты мәселелерге құлшындырамын. Көңілдерінде фасад шығарамын. Бірақ, олар жұртқа салих²²³, захид (сонымен) мұсылман болып көрінеді. Ал, Алла Тағала алдында мунафиқ (екі жүзді) болады және менің де арманым орындалады».

²¹⁷ **Һалал** – арабша (адал) діни термин. Алланың рұқсат алаңы.

²¹⁸ **Мардуд** – оралған, қайтқан мағынасында.

²¹⁹ **Бизар** – парсыша, күдер үзу, жалығу, зерігу.

²²⁰ Ибраһим, 14/7.

²²¹ **Батыл** – арабша, ақиқаты жоқ нәрсеге айтылады. Сопылықта Хақтан басқа, яғни, ма-сиуа мағынасында. Ма-сиуа жаратылған әлем, жоқтық (хаос) (абсалюттік хаос). Хақтан басқаның бәрін батыл дейді.

²²² Дүниелік істерге деген әуесқойлық.

²²³ **Салих** – арабша, дұрыс, жақсы, әртүрлі жамандықтан арылған адамды білдіреді. Алла жолындағы сенімді адам.



Қызыр (а.с.) жауап ретінде: «Бұл сөздерді шайтаннан естідім. Оларды Пайғамбарымызға (с.а.с.) айтқанымда жылап тұрып былай деді: Ей, Қызыр мұның дауасы мынау, ол малғұн (шайтан) құлдардың, мүміндердің көңілдеріне бұзық қиялдар салуы мүмкін. Сондықтан пендеміз – мүміндер сүннет пен парыз намаздары арасында тамжид калимасын²²⁴ қайта-қайта оқысын. Оның артынан да мына дұғаны қосып оқысын: «Ей, Тәңірім, Лә илаһа илла Аллаһ (Алладан басқа Тәңір жоқ), Мухаммаду‘р-расулу ллаһ (Мұхаммед Алланың елшісі) каламының құрметіне ширк, нифақ және сордың бақыттан үстем болмауы үшін саған сиынамыз. Мушриктер не десе о десін, (Алла Тағала, Хз. Пайғамбарды) барлық діндерден артық қылып, ашық жол көрсететін хақ дінімен бірге (оны) бізге жіберді».

Бұл уасуасаның²²⁵ (азғырудың) мәні мынада: Шайтан намаз оқып жатқанда уасуаса (азғырса) қылса, намаз қылушының көңілі бөлініп, ойына басқа нәрселер келіп, рукуғ²²⁶, сәжде, таспик және намаздың бүкіл шарттарын орындай алмай, риядан да бетер жаман жолға түсіп, құлшылығы зая кетеді. Сондықтан да намаз қылушы осындай жағдайда мына тамжид калимасын қайта-қайта оқысын: «Ей, рақымдылардың Рақымдысы, (Ұлы) Тәңірім, жүзімізді жерге қаратпа, рия мен тәкаппарлықтан сақта, бізді рахметің мен ризашылығың арқылы құлшылығыңа лайық қыл, сақтай көр!»

Егер, Нұр қанша бөлімнен тұрады – деп сұраса, үш бөлімнен тұрады деп жауап бер. Біріншісі – зат нұры; екіншісі – сипат нұры; үшіншісі – Хақ нұры (топырақ нұры). Бұл жердегі Зат нұры – Алла Тағаланың нұры, Сипат нұры – Хз. Мұхаммед Мұстафа (с.а.с.) Пайғамбарымыздың нұры, Хақ нұры – адамзаттың бұл дүниеде көрген нұры...

²²⁴ **Тамжид** – арабша, біреуді ұлылау, ардақтауды білдіреді. Сопылықта Алланы таңсәріде (саһир кезінде) ұлылау, ардақтауды камтитын, дуа мен зікірлерге берілген ат.

²²⁵ **Уасуаса** – арабша, іштегі шайтандық ойлар мен пиғылдар. Сопылықта адамға шайтан тарапынан келетін сезімдер мен ойларға уасуаса дейді. Шайтан үнемі адамды нәпсінің құлы болуға итермелейтін «жаман рух» символы іспеттес.

²²⁶ **Рукуғ** – арабша, намаздың бөлігі, рукуғ – иіліп еңкею, намаздағы амалдың бірі.





Егер «шариғат иманы, тариқат иманы және хақиқат иманы деген не?» – деп сұрайтын болса:

– Шариғат иманы – таиба калимасын²²⁷ (Лә илаһа илла Аллах) оқу деген сөз;


– Тариқат иманы – Алла Тағаладан қорқу деген сөз;

– Хақиқат иманы – Алла жолына туралық және адалдықпен түсу деген сөз.

(СОҢЫ)

²²⁷ Таиба – арабша, ізгі, игі, жақсы дегенді білдіреді.





کتابت
کتابت

بسم الله الرحمن الرحيم

الحمد لله السميع العليم و سبحان الله الخلاق الكريم يعنى بيلكيل
و اكاہ بولغیل ك¹ بو رسالهء متبرك نى جمع قيلغان برهان الشریعت
و ارباب الطریقت يعنى مولانا صوفى دانشمند ترور² كیم حضرت
سلطان العارفين و قدوة التورعين³ و قطب الاقطاب روى زمين
خواجه احمد يسوى رحمة الله عليه نينك اقوال لارى نينك بو عزيز
صوفى محمد دانشمند ايتورلار اما بو رساله نينك كتابت قيلغانى نينك
سببى اول اردى⁴ كیم كونلارده بر كون تمامى صوفى لار صبح شام
بلكه على الدوام ذكر خلقه سيده مستقيم ايرديلار حضرت سلطانكا
عرض قيلديلار شيخليق و مریدليق بابيده و تقى بو

1 كى دۇرىسى

2 دۇرىسى تورور

3 دۇرىسى المتورعين

4 دۇرىسى ايردى



سلسله عظيم نينك سلوك و طريقه سيدين خبر برسنگيز كيم سيزدين سلوك اهل طريقه لرغه يادكار قالغاي اندين سونك بو رساله نى مرت القلوب ات قويولدى يعنى كونكل لارنى كوزكوسى و هر كيم ايرسه كوزكوكا باقسه يوزينى كورار و تقى اينه غيب بولسه انى هم كورار بس هر كيم ايرسه¹ بو كتابنى او قوسه تقى اوزينى كورسه و بلسه انينك تداركى ده بولوب توبه و استغفار برله سخور بولسه اميد اول كيم الله تعالى اول غيب² و اول تقصيرين عفو قيلغاي و هر سالك كيم بو رساله نى او قوسه و يا او قويدين³ اشتيب عمل قيلسه كونكل كوزكوسينى اچسه و اون سكيز مينك عالمداغى عجايب و غرايب لارنى مشاهده³ قيلسه و قيامت ده امنا و صدقنا لقاء ذو الجلال⁴ بچون و بچونه و ديدارين كورسه هيچ عجيب و غريب بولمغاي و به نستعين محبت سوز شوق ديو بو رساله مرت القلوب اوچ باب ازره بنا قلديلار اول معنى او ون كيم مولى عز و جل اوز حضرتيدا قل لارين يقين كيلسون ديب دين و اسلام⁵ يوليني عطا قيلدى اول يولغه اوچ ات قويدى اول شريعت اكنجى طريقت او ونچى حقيقت بو معنى اوچون

1 ايرسه دۇرىسى

2 دۇرىسى عيب

3 مەتінде бөліп жазған

4 دۇرىسى الجلال ذي

5 مەتінде اسلاحي سياقتي جазылغان



اوچ باب اوزه بنا قلندی و تقی کلام اچنده یاد قیلدی قوله تعالی
 ذاهب الی ربی سیهتدین¹ ابراهیم علیه السلام غه قیلسه کیم بدروستی
 روردکاریم کوندوردی منی توز یولیغه یعنی مراد بو یولدین اسلام یولی
 ترور² اما مولی تعالی یولی اوچ طریقہ بولوب ترور² بو دلیل برله کیم
 الدین الاسلام طریق الی الله تعالی الشریعة ابتداء و الحقیقت انتهاء و
 الطریقت بینهما و تقی شیخ نجم الدین کبرا بو³ خبر برور⁴ کیم انی فی
 کل عمل شریعت و الطریقت و الحقیقت کذاک الارادة فی سریعت⁵
 العلم و الاعمال و فی الطریقت کشف القلوب و الحال و الحقیقة رؤیة
 لقاء ذو الجلال⁶ و تقی حضرت مولی ایتب ترور² الشریعت اقوال و
 الطریقت افعالی و الحقیقة حالی و تقی سلطان العارفين بو³ ایتب
 ترور² شریعت⁷ ل بالارکان ان بالظاهر و الطریقت عمل بالقلب
⁷ ...⁷ قیقت عمل بالله سلطان العارفين ایتب ترور²⁷ دا اوچ
 قسم ترور² شریعت مقتداسی عالم لار ...⁷ شاه لار ترور² لار طریقت
 مقتداسی شیخ لار و صوفی لار ترور² لار حقیقت مقتداسی عارف
 مقرب مشایخ لار ترور² لار اکر⁸ عالم لار و ادشاه

1 دұрысы Сафат сүресі 99-аят و قال اني ذاهب إلى ربی سيهتدين

2 دұрысы ترور

3 деп оқылуы тиіс رحمة الله عليه

4 دұрысы بیور

5 دұрысы شریعت

6 دұрысы ذي الجلال

7 мәтінде көрінбейді

8 دұрысы اكار



لار شریعت ده امر معروف و نهی منکر دین یفلیب¹ و اوزکالارکا فرمانلاسه لار توز یولیدین ازمغای لار تقی الارغه اقتدا و اتباع قیلغانلار هم ازمغای لار اکر² مونداغ شریعت برله بولمسه لار شریعت یولیدین³ ازغیلار اکر² شیخ لار و صوفی لار کیم ریاضت تارتب و مجاهده چکب کونکل عالمی اچیب یتمیش مقامدین کچب غایب ارواح لارغه و فرشته لارغه صحبت لیق بولسه لار طریقت یولیدین بو تورلوک شیخ و صوفی لار ازمغی انداغ بزرکوارغه اقتدا و اتباع قیلغانلار هم ازمغی لار بو شرایط لار برله بولمسه لار طریقت یولیده ازغی لار اقتدا و اتباع قیلغانلار هم ازغیلار اما مقرب بنده لار و مشایخ لار حقیقت ما سوا الله دین کچب سرنی سرغه اولارسا لار⁴ مراد لاریغه بنب حقیقت یولیدین ازمغی لار و الارغه اقتدا و اتباع قیلغانلار هم ازمغایلار اکر² بو شرایط برله بولمسه حقیقت یولیدین ازیب مراد مقصود غه یتماکایلار و الله اعلم یعنی صوفی محمد دانشمند اونکا نظیر ایتب ترور⁵ لارکیم مثلا حجاز ولایتی نینک ادشاهی³ خطامی ولایتی نینک ادشاهیغه الچی یبارسه

1 قیلیب دۇرىسى

2 اكار دۇرىسى

3 مەتінде бөліп жазған

4 دۇرىسى اولاسالار

5 تورور دۇرىسى

اول الچى يول بيلمسه برى باش بولوب يول باشلاسه توز يولدين
ازيب سرسان بولغاي و هم الچى سرسان بولغاي اكر¹ او قلاوز²
كوركان يوليني يانكيلماسا قلاوز توتغانلار هم ازمغايلار درويش
يا شيخ بولغان يول بيلكوچى قلاوزغه منكزار اقتدا قيلغانلارو تابع
بولغانلار قلاوز توتغانغه منكزار صوفى محمد دانشمند ايتب ترور³
لار كيم قيومشاىخ يتميش مقام دين كچماين شيخ ليق و مقتداليق
دعوى قيلسه دعوى سين باطل بولغاي بلکم اول يتمش مقام دين
كچكان بزرگ مشايخ لار دشمان بولغاي لار ايغايلاركيم اى باطل
دعوى قيلغان سنكا اقتدا و اتباع قيلغانلار باطل و فاسددورلار اول
متابعت قيلغان مرید و اصحابلارنينك هم يازوقلارى او يلغانچى باطل
شيخ نينك بوينيغا بولغاي شيخ نجم الدين كبرا بو⁴ ايتب ترور³ لاركيم
بعضى لار شريعت برله يورورمن ديب دعوى قيلورلار و بعضى لار
حقيقت برله اما شريعت برله دعوى قيلغانلارنى مؤمن و مسلمان
اتنورلار و طريقت برله يوركانلارنى شيخ و صوفى و زاهد اتنورلار
و حقيقت برله يوركانلارنى عارف و عاشق و محب اتنورلار بس بو
يولنى دعوى قيلغان كيمرسه لاركا معنى كراك¹ معنى سى راست
بولوب دعوى سى راست بولسه تنكرى عز و جل دوست توتر⁵ اكر¹
معنى سى راست بولمسه و دعوى يلغان بولسه نعوذ بالله من الذالك⁶
انداغ كمرسه خدای تعالى نينك دشمنى تورور

1 اكار دۇرىسى

2 мәтінде бөліп жазған

3 تۇرۇر دۇرىسى

4 رحمة الله عليه деп оқылуы тиіс

5 تۇتار دۇرىسى

6 من ذلك دۇرىسى



قوله تعالى ويل يومئذ للمكذبين¹ و حضرت يغمبر صلى الله عليه و سلم باز ايتورلار كيم الكذاب عدو الله بو يولده يلغنچليق برله يورماكيل و راست ليق برله يوركيل دعويكا² معنى كرك³ معنى سيز نيكا كرك³ اما هر برينينك معنى سين اوز جايدة بيان قيلونور انشاء الله تعالى⁴ قال رسول الله صلى الله عليه و سلم الشريعت اقوالى و الطريقت افعالى و الحقيقت احوالى ايديلاركيم شريعت منينك سوزلاكان سوزوم تورور طريقت منينك قيلغان فعل لاريم ترور⁵ رسول صلى الله عليه و سلم شريعت منينك سوزلاكان سوزوم تيدى طريقت نى منينك سوزلاكان نيمادى قيلغان فعل لاريم تيدى جواب انداغ كيم ايتميش لار حضرت رسول الله معراج تونيدا مولى عز و جل برله بيواسطه توقسان مينك سوزلاشتى لار اوتوز مينك شريعت ده و اوتوز مينك طريقت و اوتوز مينك حقيقت ايردى ينه فرمان بولديكيم اوتوز مينك شريعت نى سوزلاريني برچه مؤمن و كافر و فاسق لاركا ايغيل و ليكن طريقت سوزيني تلاكانلاركا ايغيل وليكن حقيقت نى اصلا اймаغيل سلطان العارفين حضرت خواجه احمد يسوى ايتب تورورلاركيم الشريعت حمل بالاركان اى بالظاهر بالاركان دين مراد فرايض و واجبات و سنن و آداب

1 Мүрсәлат сүресі, 15-аят

2 мәтінде қосып жазған. Дұрысы کا دعوى

3 дұрысы كراك

4 мәтінде қосып жазған. Дұрысы إن شاء الله تعالى

5 дұрысы تورور



قموغ بولور اما شريعت برله يورور من ديب دعوى قيلغان لار مؤمن و مسلمان اتانديلار دعوى لاركا معنى كرك¹ معنى اول توروركيم مولى تعالى نينك فرمانى قل لاريكا ايكى وجه برله تورور برى امر معروف و تقى نهى منكر كنتم خير مة اخرجت للناس ياءمرون بالمعروف و ينهون عن المنكر² ايمدى بو مؤمن مسلمان اتانغانلار قموغ امر معروف نى برجا كيلتوروب نهى منكر دين يراق بولوب تورسه لار شريعت ده دعوى لارين راست بولوب مؤمن و مسلمان ليق لارى راست ايركان خدای عز و جل كا چين قل بولغاي لار قوله تعالى ولى الذين امنوا يخرجهم من الظلمات الى النور³ اكر⁴ امر معروف نى برجا كيلتورماي نهى منكر دين يراق بولماي مؤمن و مسلمان من ديسه دعوى سى يلغان تورور و اوزى يلغانچى دور امر معروف اول دوركيم هر نمرسه كيم شريعت ده مشروع بولسه انى قبول قيلماق و اوزكالاركا فرمانلاماق ترور⁵ و تقى نهى منكر اول توروركيم كفر و نفاق و شك و شرك و عجب و رياء و ظلم قيلماق حرام يماك يلغان سوزلاماق و غيبت قيلماق و زنا قيلماق و چغراچماك و بنك يماك و مؤمن لارنى نا مشروع ازار برماق بو قموغى نهى منكر ترور⁵ من ارأى منكم فليغير ابديه و ان لم يستطع

1 كراك دۇرىسى

2...كنتم خير مة أخرجت للناس تأمرون بالمعروف و تنهون عن المنكر دۇرىسى

Әли Ғымран сүресі 110-аят

3... الله ولى الذين آمنوا يخرجهم من الظلمات إلى النور دۇرىسى Бақара сүресі 257-аят

4 اكار دۇرىسى

5 تورور دۇرىسى





